

#КүшімізБірлікте

Жұртымыз қашанда бейбіт өмірді бағалай білген. Біз осы ұстанымнан айнымаймыз. Ол үшін елімізге береке-бірлік, өзара түсіністік қажет. Ислам адамдарды бөлінуге емес, бірлікке шақырады.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ



«КӨЛЕҢКЕЛІ» КӘСІП

9

#РАМАЗАН2022



ОРАЗА АЙТ – ҰЛЫҚ МЕРЕКЕ

21

#ЕКПЕАЛ

2022 жылғы 27 сәуірдегі мәлімет бойынша АЛМАТЫДА

I компонентпен

1 099 990

II компонентпен

1 080 585

адам вакцина салдырды

2022 жылғы 27 сәуірдегі мәлімет бойынша ҚАЗАҚСТАНДА

I компонентпен – **9 481 030** адам,

II компонентпен **9 237 023** адам

вакцина салдырды.

Ревакциналандығандар саны –

3 887 564

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

28.04.2022

Түнде:



+6+8 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+20+22 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

29.04.2022

Түнде:



+8+10 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+23+25 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7, м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №45 (6180) 28 сәуір, бейсенбі, 2022 жыл.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА – ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРИХЫНДАҒЫ ЖАҢА БЕЛЕС

Мемлекет басшысы Amanat партиясының кезектен тыс XXIII съезіне қатысты



Бұл күн елімізде көптен бері айтылып келе жатқан саяси реформаларға жол ашқан күн болды. Осылайша Қазақ Елі Жаңа Қазақстан бағдарының аясындағы және бір ірі тарихи оқиғаға куәгер болды. Amanat-тың алқалы жиынында Президент партияға мүшеліктен де, төрағалықтан да өз еркімен бас тартты. Осыдан біраз уақыт бұрын «Мемлекет басшысы ешбір партияға басымдық бермегені жөн, яғни саяси тұрғыдан бейтарап болуы қажет. Бұл менің айқын ұстанымым» деген уәдесінде тұрды. Конституциялық реформаға бағдар алған бетбұрыс кезеңі басталды.

2

ӘКІМ

АРДАГЕРГЕ ҚҰРМЕТ – ҰРПАҚҚА МІНДЕТ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев ардагерлермен кездесті



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

Шаһар басшысы Ұлы Жеңістің 77 жылдығы мен ардагерлер қозғалысының 35 жылдығын мерекелеу қарсаңында Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің салтанатты жиынына қатысты. Кездесуге Ұлы Отан соғысының ардагерлері, еңбек ардагерлері, интернационалист-жауынгерлер, Ауған соғысына қатысушылар, қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысты.

3

ҚЫСҚА...

- «Қазақстан халық партиясы» фракциясының депутаттары Алматының халықаралық әуежайына Дінмұхамед Қонаевтың есімін беруді ұсынды.
- Еліміздегі пайдаланылмай жатқан жерлер спутник арқылы анықталатын болады.
- 2025 жылға дейін елімізде жаңадан 4 болат құю зауыты, кокс өндіретін 2 кәсіпорын, 5 феррокорытпа зауыты салынады.
- 2025 жылға дейін сырт елден 1,2 миллиард долларға сатып алатын өнім елімізде шығарыла бастайды.
- Мүгедек балалардың санаторий-курорттық еміне ата-аналары тегін бара алады.
- Меганполисте батуттық гимнастикадан ел біріншілігі өтеді.
- Жаз айларында Алматыдан Алақолге №221/222 Алматы-2 – Достық пойызы 15 маусым – 31 тамыз аралығында сәрсенбі, жұма, дүйсенбі күндері қатынайды.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына

259-88-99 (ішкі 20500, 20018) телефондары бойынша хабарласыңыз!



ОРТАЛЫҚ АЛАҢ



«...Азаматтарға әлеуметтік әділдік жетіспейтінін мойындайықшы. Қарапайым халықтың мүддесі үнемі елене бермейді, кейде, тіпті әділетсіздік мемлекеттік аппарат өкілдері тарапынан да жасалып жатады. Азаматтардың мемлекеттік мекемелерге сенімсіздігі осыдан туындайды».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

КОНСТИТУЦИЈАЛЫҚ РЕФОРМА – ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРИХЫНДАҒЫ ЖАҢА БЕЛЕС

(Басы 1-бетте)

ӘЛЕУМЕТТІК ӘДІЛДІК ҚАҒИДАТЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев съезд делегаттарына мемлекет пен қоғамды түбегейлі жаңарту үдерісі басталғанын айтты. Президенттің пікірінше, Аманат осы жүйелі өзгерістерге белсене атсалысып, қолға алынған реформаларға жан-жақты қолдау көрсетіп, «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын тиімді жүзеге асыруға үлес қосып келеді.

– Аманат – әлеуметтік әділдік қазғидатын орнықтыруға әрдайым баса мән береді. Мемлекеттілікті нығайту және ел бірлігін бекемдеу – ұйымның айрықша миссиясының бірі. Өткен съезде партияға ребрендинг жасау қолға алынды. Сондай-ақ, оны институционалдық тұрғыдан жаңарту жұмысы басталды. Партия бұл міндеттерді орындауға дереу кірісіп кетті. Нақты нәтиже бар, өзгерістерді қазірдің өзінде көріп отырмыз. Осы қарқынды бәсеңдетпей, жұмысты одан әрі жалғастыру керек, – деді Мемлекет басшысы.

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН ДЕГЕНІМІЗ – ШЫН МӘНІНДЕ ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

Президент наурыз айының ортасында Қазақстан халқына арнаған Жолдауында саяси реформалардың ауқымды бағдарламасын ұсынғанын еске салды. Сонымен қатар, бірден Конституцияға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың жобасын дайындау жөнінде ауқымды жұмыс басталғанын, онсыз жоспарланған саяси реформаларды тиімді жүзеге асыру мүмкін емес екенін атап өтті.

– Конституциялық реформаның мақсаты – елімізді саяси тұрғыдан одан әрі жан-жақты жаңғыртудың берік іргетасын қалау. Өткен аптада Конститу-

«Конституциялық реформаның мақсаты – елімізді саяси тұрғыдан одан әрі жан-жақты жаңғыртудың берік іргетасын қалау».

циялық кеңеске түзетулер жобасы жолданды. Оның қабылдануы мемлекеттік институттарды құрудың және қызметінің мүлде жаңа үлгісін – Жаңа Қазақстанды құруға мүмкіндік береді. Азаматтар тарапынан: «Жаңа Қазақстан дегеніміз не?», – деген сауал жиі қойылып жүр. Менің ойымша, бұл сұраққа қысқа да нұсқа жауап беруге болады. Жаңа Қазақстан дегеніміз – шын мәнінде Әділетті Қазақстан. Азаматтарға әлеуметтік әділдік жетіспейтінін мойындайықшы. Қарапайым халықтың мүддесі үнемі елене бермейді, кейде, тіпті әділетсіздік мемлекеттік аппарат өкілдері тарапынан да жасалып жатады. Азаматтардың мемлекеттік мекемелерге сенімсіздігі осыдан туындайды. Сондықтан Аманат партиясының алдында осы олқылықтардың орнын толтыру міндеті

жүйесін құруға бағытталғанын айтты. Президенттің пікірінше, біз суперпрезиденттік басқару түрінен түбегейлі бас тартамыз, Парламент пен мәслихаттардың өкілеттігін күшейтеміз. Партия-

«Суперпрезиденттік басқару түрінен түбегейлі бас тартамыз, Парламент пен мәслихаттардың өкілеттігін күшейтеміз. Партиялық-саяси жүйені жаңғырту – басым бағыттың бірі».

лық-саяси жүйені жаңғырту – басым бағыттың бірі.

Мемлекет басшысы тұжырымдағандай, партиялар мен сайлау туралы заңнамаларды либерализациялау қоғамның ролін күшейтеді. Бұл – биліктің барлық деңгейінде қабылданатын

«Жаңа Қазақстанды құрамыз десек, елге жанашыр қоғамдық-саяси күштердің бәрі жұмылуы керек».

тұр. Азаматтық қоғам мен билік арасындағы дәнекер болу үшін сіздер халық өкілдерімен етене жұмыс істеулеріңіз керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

БАҒДАР – ТЕПЕ-ТЕНДІКТІҢ ТЕНГЕРІМДІ ЖҮЙЕСІН ҚҰРУ

Сонымен қатар, Конституцияға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар елдің бүкіл саяси архитектурасын кешенді түрде қайта қарауға, билік тармақтары арасындағы тежеу мен тепе-теңдіктің неғұрлым теңгерімді

шешімдеріне қатысты. Президенттің пайымынша, азаматтардың дауысы үшін бәсеке күшейіп, саяси үдерістердің қарқыны мен мазмұны өзгереді.

– Жалпы алғанда, партиялық алаңда сең қозғалғанын көріп отырмыз. Адал партиясының Аманат партиясымен бірігу жөніндегі бастамасы – басталған өзгерістердің жарқын көрінісі. Адал партиясының жетекшілері мен мүшелеріне осы маңызды шешімдері үшін ризашылығымды білдіремін. Жаңа Қазақстанды құрамыз десек, елге жанашыр

қоғамдық-саяси күштердің бәрі жұмылуы керек. Бұл ретте партиялардың өзара тіл табысып, саяси жүйені дамытуы аса маңызды. Сондықтан Адал партиясының бастамасын қолдап, онымен біріккен жөн деп санаймын. Адал – өз жақтастары бар, қалыптасқан партия. Саяси бәсеке артып келе жатқан қазіргі кезеңде мұның айрықша мәні зор, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

талай нәрсе өзгеруде. Алдымызда ауқымды міндеттер бар. Бүгінде еліміздегі барлық саланы түбегейлі монополиядан арылту аса маңызды. Осы үдерістен саяси жүйе де сырт қалмауы керек. Мемлекет басшысы ешбір партияға басымдық бермегені жөн, яғни саяси тұрғыдан бейтарап болуы қажет. Бұл – менің айқын ұстанымым, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

САЯСАТТАҒЫ САБАҚТАСТЫҚ САҚТАЛАДЫ

Президенттің пікірінше, мұндай қағида сайлауға қатысатын барлық күштерге тең мүмкіндік туғызады. Саяси жүйеде әділдіктің орнауына жол ашады. Партия атқарушы билікке тәуелді болмаса, оған халықтың сенімі нығайып, беделі артады.

– Қазір ұйым Мәжілісте және мәслихаттарда едәуір басымдыққа ие болып отыр. Сондықтан Үкімет пен әкімдіктердің жұмысына қатаң бақылау жасай алады. Президент партия қатарынан шыққанымен, ұйымның стратегиялық бағдары өзгермейді деп ойлаймын. Аманат еліміздің саяси өмірінде ерекше орны бар ұйым ретінде қала беретіні анық. Саясаттағы сабақтастық сақталып, партия ел игілігі үшін жасап жатқан жұмыстарын жалғастыра береді, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев партияның төрағасы лауазымына Парламент Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошановты ұсынып, оған ұйымдастыру қабілеті жоғары, тәжірибелі әрі білікті азамат деп баға берді.

Съезд делегаттары Президенттің ұсынысын қолдап, Ерлан Қошановтың кандидатурасына бірауыздан дауыс берді.

Мемлекет басшысы бүгінгі өзгерістер Аманат партиясының заман талабына сай жаңара түсуіне жол ашатынына сенім білдірді.



ПІКІР. ТІЛЕК. ҰСЫНЫС



ЫҚПАЛ АҚОРДАДАН
МӘЖІЛІСКЕ АУЫСТЫ

Еділ ЖАНБЫРШИН,
ҚР Мәжілісінің депутаты:

Amanat партиясының кезектен тыс съезі өтті. Партия трансформациясы жалғасуда.

Негізгі өзгерістер:

- Adal партиясы Amanat партиясына қосылды. Бұл өз кезегінде партияның азаматтық қоғамның басқа топтарымен қарым-қатынасты іске асу масштабын ұлғайтуға мүмкіндік береді.

- Қ.К.Тоқаев партия төрағасынан бас тартты және партия мүшелігін тоқтатты. Мемлекет басшысы қоғамдағы барлық саяси күштерге бірдей мән беріп, бір ғана партияның мүддесін қолдамайды. Бұл әділдіктің белгісі!

- Amanat партиясының төрағасы болып Парламент Мәжілісінің төрағасы, төменгі палатадағы партия Фракциясының басшысы Ерлан Жақанұлы Қошанов сайланды.

Бұл өзгеріс Қ.К.Тоқаевтың «Күшті Президент – ықпалды Мәжіліс – есеп беретін Үкімет» қағидасының іске асып отырғанының көрінісі. Билік партиясының ықпалы Ақордадан Мәжіліске ауысты.

Бұл отырыстың басты ойын Президент Қ.К.Тоқаев дәл айтты: «Жаңа Қазақстан – шын мәнінде Әділетті Қазақстан дегенді білдіреді».



САЯСИ ӨРІС ЖАНДАНДЫ

Гүлнар БИЖАНОВА,
ҚР Мәжілісінің депутаты:

Күні кеше Amanat партиясының кезектен тыс съезі өтті. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев партияны басқару жөніндегі өкілеттігін доғару және билеуші партияға мүшелігін тоқтата тұру туралы жариялады.

Ел Президенті мұндай қадамның қажеттілігі туралы өткен жылдың күзінде айтқан болатын, партиялықтар бұл пікірмен келісті. Партиялар бәсекеге қабілетті жағдайда өз бағдарламаларының өміршеңдігін дербес дәлелдеуі тиіс, ал ел Президенті мемлекетті стратегиялық басқаруды жүзеге асыруы керек.

Сондай-ақ, бұл саяси реформалардың басталған бағдарламасына толық жауап береді. Қазіргі уақытта Конституцияға түзетулер дайындау бойынша белсенді жұмыс жүргізіліп жатқаны белгілі. «Негізгі заңға өзгерістер енгізілмей, тиімді жұмыс істеу мүмкін емес. Азаматтар жиі: «Жаңа Қазақстан деген не?» деген сұрақтарды қояды. Жаңа Қазақстан – Әділетті Қазақстан. Сондықтан партия алдында бұл жағдайды түзету міндеті тұр», – деді Мемлекет басшысы.

Осылайша Amanat партиясының алдына негізгі міндет қойылды. Оның сапалы орындалуы ел болашағы үшін маңызды. Партияның ресурстары, барынша сенімді партия мүшелерінің, жасаппаздардың күші мен қуаты бұл міндетті қысқа мерзімде орындауға мүмкіндік беретініне сенімдімін.

Саяси өріс белсенді түрде жанданды. Сенімділік үшін бізде бәрі бар. Оның орындалуын қатаң бақылау, сондай-ақ азаматтық қоғаммен толық өзара іс-қимыл жасау, пікірталас алаңдарын кеңейту, құқық қорғау және сот жүйесін реформалау, әлеуметтік мемлекет құру және тағы басқалар біздің күнделікті жұмысымызға айналды.

Adal партиясының Amanat партиясының құрамына кіру нәтижесінде, партия сапалы толықтыру алды. Бұл шешім Мемлекет басшысы Нұр Отан партиясының саяси трансформациясы мен ребрендингі туралы жариялаған күні қабылданды. Сайлау алдындағы кезеңде маған Adal партиясының бағдарламасы, негізінен, билеуші партияның бағдарламасына ұқсас мақсаттар мен міндеттері үшін әсер етті. Осы партияның белсенді және жігерлі, креативті күштері Amanat жұмысына серпін берері сөзсіз.



ХАЛЫҚ СЕНІМІ АҚТАЛАДЫ

Мейіржан ОТЫНШИЕВ,
Amanat партиясы Алматы қалалық филиалының атқарушы хатшысы:

Adal партиясының Amanat-қа қосылуы мен Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың партиямыздың төрағалығынан кетуі еліміздің саяси өмірі үшін үлкен өзгеріс болды.

Екі партияның бірігуі Amanat партиясының жетекші рөлін көрсетіп қана қоймай, электоралды әлеуетін күшейе түсетіні сөзсіз. Мысал ретінде 2021 жылы қаңтар айында өткен парламенттік сайлауда бұл партияның 3,57% дауыс жинағанын келтірсек болады. Бұдан бөлек, терезесі тең елдердегі жетекші партиялардың бірігуі халықаралық тәжірибеде жиі кездесіп тұратын процес.

Саяси жүйенің трансформациясы партияның трансформациясынан басталғаны бәрімізге белгілі. Жаңа партиялық жобалар ашылып, көшпелі қоғамдық қабылдаулар елдімекендерде өткізіліп, бағдарламалық құжаттарымызға да өзгерістер енгізілуде. Бұл модернизацияның тек бастамасы екені айқындалды. Кезекті трансформация бүгінгі өткен съезде Мемлекет басшысының партия төрағалығынан кету туралы шешімінде болды. Бұл Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі жария еткен реформалар мен Жаңа Қазақстан құру үшін өте маңызды қадам.

Өз кезегінде, Amanat партиясы халықтың сенімін ақтаған еліміздегі басты әрі жетекші саяси күш ретінде орнықты деп ойлаймын. Сондықтан Президенттің айналасындағы қоғамдық-саяси консолидация орталығы Amanat болып қала бермек.

ӘКІМ

АРДАГЕРГЕ ҚҰРМЕТ – ҰРПАҚҚА МІНДЕТ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев
ардагерлермен кездесті



(Басы 1-бетте)

Ерболат Досаев Жеңіс күнінің біздің халқымыз үшін ерекше тарихи маңызы бар екенін атап өтті. Соғыс жылдары майданға 1,3 млн қазақстандық шақырылды. Қазақстанның 100 мыңнан астам жауынгері жауынгерлік ордендермен және медальдармен марапатталды, ал 500-ден астам адам Кеңес Одағының Батыры атағын иеленді.

Алматы қаласының әкімі қаладағы Ұлы Отан соғысының бір ардагерін мерекемен жеке құттықтайтынын атап өтті.

«Өзім және менің орынбасарларым, аудан әкімдері мен мәслихат депутаттары Ұлы Жеңіс күні қарсаңында әрбір ардагер мен соғыс ардагерін жеке келіп, құттықтайтын боламыз. 28 гвардияшыл-панфиловшылар атындағы саябақтағы мерекелік іс-шараларға қатысып, Мәңгілік алау жанында батырларды еске алуға ниет білдірген ардагерлер үшін арнайы трансферт ұйымдастырылады», – деді Ерболат Досаев.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

Ағымдағы жылы қала мәслихаты Алматы әкімінің ҰОС қатысушылары мен мүгедектеріне төлемдерді екі есе – 500 мыңнан 1 миллион теңгеге дейін ұлғайту жөніндегі ұсынысын қолдады. Оларға теңестірілген тұлғалар 100 мың теңгеден алады, соғысқа қатысушылардың отбасылары мен жесірлеріне, тыл еңбеккерлеріне 50 мың теңгеден төленеді. Барлығы 15 мыңнан астам адам мемлекеттің қаржылық қолдауына ие болады, осы мақсаттарға бюджетте 1,1 млрд теңге қарастырылған.

Ерболат Досаев қарт адамдардың бос уақытын ұйымдастыру және оларға қолдау көрсету жөніндегі кешенді шаралар туралы да айтып берді. Қалада 200 мыңнан астам адамға тегін әлеуметтік қызмет көрсететін тоғыз белсенді ұзақ өмір сүру орталығы бір белсенді ұзақ өмір сүру орталығын ашу жоспарлануда.

Кездесу барысында қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ақан Бижанов Алматы қаласында ардагерлер қозғалысының белсенді дамығанын айтты. Қазіргі кезде Панфилов дивизиясы, әскери-әуе күштері, ӨШҚК әскерлері ардагер-

лерінің, Ленинград блокадалары мен фашизм тұтқындарының кеңестері жұмыс істейді. Ардагерлер ұйымдарының мүшелері жауынгерлердің жерленген жерлерін күтіп баптайды, түрлі патриоттық акциялар өткізеді және жас ұрпақты тәрбиелеуге, оның ішінде «Шыңға өрлеу» жобасы аясында үлес қосуда. Жоба аз қамтылған отбасы балаларының тәлімгерлігіне аға буын өкілдерін кеңінен тартуда.

Пленум барысында Алматы қалалық және Алматы аудандық ардагерлер кеңесінің мүшесі Хамит Біржанов, Ұлы Отан соғысының ардагері, ҚР ҰҒА академигі, философия ғылымының докторы Досмұхаммед Кішібеков, Социалистік Еңбек Ері Вера Сидорова, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Нұрлан Оразалин, Бостандық аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Асен Беспасова сөз сөйледі. Қатысушылар ардагерлер ұйымдарының қоғамдық қызметі туралы әңгімеледі, қаланы дамыту бойынша ұсыныстарын айтты, сондай-ақ өткен жылдардағы жылы естеліктерімен бөлісті.

Ақтолқын ТҰРЛЫҒАЗЫ.



ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІ



«СЕРГЕККЕ» жаңа функция қосылды

Алматыда «Қорғау Сергек» бағдарламасының көмегімен жалған нөмірлі көліктердің жүргізушілері анықталып жатыр.

«Қаламызда «Қорғау Сергек» жүйесі 2021 жылдың қараша айынан бастап пилоттық режимде қолданылып келеді. Оның көмегімен жыл басынан бері жалған мемлекеттік нөмірмен жүрген (ҚР ӘҚБК-нің 590-бабы 3,4 бөлігі) 171 жүргізуші ұсталып, әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Көліктер айыппұл тұрағына қойылды. Сонымен қатар, өткен тәулікте арнайы жарық-дыбыс және дауысты сигналдарды заңсыз пайдаланған екі көлік жүргізушісі, 7 мас жүргізуші көлікті басқарудан шеттетілді», – деді Алматы қалалық Полиция департаментінің жергілікті полиция қызметі басқармасының бастығы, полиция полковнигі Манап Саттаров.

Оның айтуынша, қазіргі уақытта Алматыда жалған мемлекеттік нөмірмен жүретін, көлікке арнайы белгі беру құрылғыларын орнатқан және көлікті мас күйде жүргізген адамдарды анықтап, жауапқа тарту жұмыстары жалғасуда.

«Өткен тәулікте қала жолдарындағы «Қорғау Сергек» жүйесі жалған нөмір пайдаланған 11 жүргізушіні анықтады. Олар жалпы сомасы 12 миллион 680 теңге болатын 790 құқық бұзушылық жасаған. Бұл көліктер арнайы айыппұл тұрағына қойылды», – деді Манап Саттаров.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

МИНИСТР

Елімізде 22 алма бағы болады



Бұл туралы Үкімет отырысында ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев айтты.

«2021 жылы алма импортының үлесі 99,4 мың тонна болды. Ал өзіміздің өнімнен 262,8 мың тонна жиналды. Импорты толық алмастыру 2025 жылға қарай 8,2 мың гектар алаңда 22 бақша салу есебінен жоспарланып отыр», – деді министр.

Оның дерегінше, 2021 жылы шұжық өнімдері импортының үлесі 47 мың тоннаны, жергілікті өндіріс 60,7 мың тоннаны құрады.

«2025 жылдың соңына дейін ет өңдеу бойынша 24 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланып отыр. Оның ішінде жалпы өндірістік құаты 87,4 мың тонна шұжық өнімдерін шығаратын 4 ірі кәсіпорынды іске қосу көзделген», – деді ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

МОНИТОРИНГ

Алматы арықтарының үштен бір бөлігі жөндеуді қажет етеді



Жауын-шашын кезінде көшелер мен аулаларды су басу біздің қала үшін қалыпты жағдайға айналғандай. Осыған байланысты шаһар басшысы қала тұрғындарының шағымдарына мониторинг жүргізіп, желілер мен каналдардың жай-күйіне талдау жасауды тапсырған болатын.

Нәтижесінде Алматыда су бас-

қан 56 учаске анықталды. Су басудың негізгі себептері жауын-шашын кәрізімен байланысы жоқ бұзылған арықтар, жолдарға шығарылған арықтар, көмілген коллекторлар екені белгілі болды.

Сала мамандарының мәліметінше, бүгінде 1525 шақырым арық желілерінің 424-і жөндеуді талап етеді. Бұған қоса, 100 шақырым суағар салу қажет. Бүгінде арық желілерін салу және қалпына келтіру жұмыстары басталды. Жобаға енгізілген толықтырулардан кейін арық желілері бірыңғай жүйеге біріктіріліп, оларды жасыл желектерді суару үшін де пайдаланатын болады. Бұл Алматының су басуын болдырмауға мүмкіндік береді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚАУІП ҚАЙДАН?

Тілсіз жаудан сақ болайық

Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаменті басшысының орынбасары Самат Асаинов ОКҚ алаңында өткен брифингте 2021-2022 жылдардағы жылыту кезеңіне тоқталып, атқарылған жұмыстар туралы баяндады.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

ТЖД өкілінің айтуынша, өткен жылыту маусымында қабылданған жүйелі шаралар негізінде көптеген іс-шаралар атқарылған. Кезең-кезеңмен тілсіз жаудың алдын алу жұмыстары нәтижесінде қаланың тұрғын үй секторында өрт 22%-ға азайды (234). Аталған кезеңде 148 мың 346 жеке тұрғын үй есепке алынған.

2021 жылғы шілдеден бастап 1326 әлеуметтік-осал топқа жататын отбасы және 1876 бейәлеуметтік өмір салтын ұстанатын адамдар тізімі жасақталып, жеке топқа бөлінді. Сол тізімге сәйкес әлеуметтік көмек көрсету бойынша шаралар қабылдау үшін аудандық әкімдіктерге және әлеуметтік әлауқат басқармасына ұсыныс жолданыпты. Нәтижесінде осы санаттағы 127 отбасы 20 айлық есептік көрсеткіш (58 340 тг) мөлшерінде ай сайынғы атаулы әлеуметтік көмек көрсетілген. Бұдан бөлек, департамент қызметкерлерінің қатысуымен өрттен зардап шеккен адамдарға 4,5 млн теңге көлемінде өтемақы бөлінген.

Екінші кезеңде 72 «Көмек қолы» акциясы ұйымдастырылып, онда мұқтаж отбасыларға өрттің алдын алу мақсатында атқарылатын (пештердің түтін жолдарын



тазалау, жарықтарды бітеу, түтін арналары өтетін жерлердегі қабырғаларды актау) профилактикалық көмек көрсетілді, сондай-ақ 66 улы газ датчигі орнатылды. Мұндай құрылғылармен көмірмен жылытылатын барлығы 1326 жеке тұрғын үй жабдықталған.

Ал үшінші кезеңде 2021 жылғы қазаннан осы уақытқа дейін жеке тұрғын үй секторын аралау бойынша рейдтік іс-шаралар ұйымдастырылған.

– Жүргізілген жұмыстарға қарамастан, ағымдағы жылы 37 адам, оның ішінде 25 бала табиғи газбен ұланған. Осыған байланысты ТЖ Департаменті шарт міндеттемелерін орындамайтын немқұрайды қызмет көрсететін компанияларға шаралар қабылдай отырып, Тұрғын үй саясаты басқармасына бастамашылық хаттар жолдады. Осыған орай, Тұрғын үй саясаты басқармасы «Алматыгаз АРЦ» ЖШС жоспардан тыс тексеру жүргізді, – деді ТЖД өкілі. Тексеру нәтижесінде газ қазандықтарына техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды сапалы қамтамасыз етпегені және уақытылы орындамағаны

үшін «Алматыгаз АРЦ» ЖШС ҚР ӘҚБТК-нің 299-бабы 4-бөлігі бойынша 100 АЕК (үш жүз алты мың үш жүз теңге) айыппұл түрінде әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

Брифинг барысында Самат Асаинов өрттің пайда болуының негізгі себептерін де атап өтті. Айтуынша, өрттің 38%-ы электр жабдықтарының ақауларынан; 28%-ы отты абайсыз қолдану салдарынан орын алса, пештерді орнату және пайдалану кезінде ӨҚЕ бұзылуы – 22%, 10% – өртеу, ал 2%-ы өрттің басқа себептері бойынша орын алады. Жеке тұрғын үй секторында өрттердің туындауына тұрғын үй қорының, әсіресе энергиямен қамтамасыз ету жүйелерінің табиғи техникалық тозуы ықпал етеді. Сондықтан пайдалану мерзімі 50 жылдан астам қаланың тұрғын үйлерінің 26%-ы пайдаланылады, – деді спикер.

ТЖД мәліметінше, қалада болған 234 өрттің 58-і жеке тұрғын үйлерде болған, көптегерлі тұрғын үйлерде 47 өрт, аула құрылыстарында 95 өрт, времянкада – 29, саяжайда 5 өрт болған.

Дрондар өрттің орнын анықтай алады

Брифинг барысында Самат Асаинов қала тұрғындарына тау мен таулы-орманды жерлерде өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтау қажеттігін ескертті. Оның айтуынша, бүгінде қалада құрғақ шөптің өртенуінің 48 оқиғасы тіркелген. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда екі есеге көп.

Алматы қалалық төтенше жағдайлар департаменті басшысының орынбасары Самат Асаиновтың сөзінше, ұшқышсыз ұшатын аппараттар өрттің орнын анықтауға және оқиға орнына мобильді топты жіберуге мүмкіндік береді.

«Біз бұл дронды былтыр сатып алдық. Ол – бір шақырым биіктікке көтеріліп, жеті шақырымға дейін ұша алады. Ұшқышсыз ұшақ бейнекамерамен және тепловизормен жабдықталған, ол өрт туралы ақпаратты бірден анықтап, мобильді топқа жібереді», – деді спикер.

Оның айтуынша, дрон туристер жиі баратын бағыттарға жіберіледі. Таулы-орманды аумақты патрульдеу демалыс және мереке күндері жүргізіледі. Сонымен қатар, ол күннің ысуына байланысты Алматыда жоғары өрт қаупі сақталатынын еске салды. Сонымен қатар, ол ауыр зардаптарға әкеліп соқтыратын от пен мангал жағатындарға қатысты да өз ойын білдіре келіп, өрт қаупі жоғары кезеңнің басталуы туралы ескертіп, өрттің шығуы көбінесе адам факторымен байланысты екенін айтты.

Спикер құтқарушылардың тәртіп бұзушыларға қатаң түрде тосқауыл қойылатынын, ал дрон отты анықтауға көмектесетінін, оның көмегімен жедел алдын алу шараларын жүргізе бастағанын айтты. Сонымен қатар, ТЖД өрт



туралы ескерту үшін тепловизорлар мен дауыс зорайтқыштарды пайдаланады.

«Осы маусымда біз жалпы ауданы 2,5 га құрғақ өсімдіктердің жануының 48 жағдайын тіркедік, Алатау, Медеу, Түрксіб және Наурызбай аудандарының аумақтарында өрт жиі орын алады», – деді С.Асаинов.

Өртті болдырмау үшін құрғақ шөптің айналасын жырту және минералданған жолақтарды жасау жүргізіледі. ТЖД қызметкерлері аудандық әкімдіктермен бірлесіп, осы жұмысты жүргізу қажет учаскелерді анықтайды.

«Департаментте табиғи өрттерді сөндіру бойынша шұғыл әрекет етудің жиынтық жасағы құрылды, оған 13 адам кірді, өтімділігі жоғары техниканың екі бірлігі жұмылдырылды, қызметкерлер аспалы өрт сөндіргіштерді пайдаланады. Осындай сын-тегеуріндердің барлығы жоғары қауіптілік дәрежесіне ие», – деп хабарлады Алматы ТЖД басшысының міндетін уақытша атқарушы.

Өрттерді сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу үшін Алматы қаласы әкімдігінің «Құтқару жұмыстары қызметі», «Қазавиапас» АҚ және «Қазавиа-лесхра» МКҚК-ның авиациялық бөлімшелері жауынгерлік дайындықта.

Самат Асаинов таулар мен ормандарда отты пайдаланғаны үшін тұрғындарға айыппұл төлеуге тура келетінін айтты. Қазірдің өзінде 148 рейд жүргізілді, демалушыларға 35 мыңнан астам жадынама таратылды. 242 от жағудың жолы кесілді. ЖПҚ және орман шаруашылығы мекемелерінің қызметкерлері 216 жеке тұлғаны әкімшілік жауапкершілікке тартты.

«Ерекше қорғалатын табиғи аймақтар мен белгіленбеген жерлерде от жаққаны үшін 30 630 теңгеден 306 300 теңгеге дейін ірі айыппұл салынады», – деп атап өтті бас құтқарушы.

Самат Асаинов Алма-Арасан шатқалының аумағында, Үлкен Алматы және Казачка өзендерінің бойында ыстық тамақ дайындау үшін арнайы жабдықталған орындар (орындық, үстел, от жағуға арналған бетондалған алаң, мангалдар, барбекю) бар екенін атап өтті.

Демалысқа шыққанда белгіленбеген орындарда темекі шегуге және жанып жатқан сіріңкелерді, темекі тұқылдарын тастауға қатаң тыйым салынғанын, таулы-орманды жерлерде май немесе бензин, керосин және өзге де жанғыш заттар сіңген сұрту материалдарын қалдыруға болмайтынын есте сақтау маңызды. Күн сәулесімен жарықтандырылған орман тазартқышына бөтелкелер, шыны сынықтар мен басқа да қоқыстарды қалдыруға болмайды.



Алматылықтарды не толғандырады?

Қала тұрғындарын мазалаған сауалдар – бүгінгі топтамада

ӘУЕЗОВ АУДАНЫ

Бағдаршам енді құламайды



Абай даңғылы мен Алтынсарин көшелерінің қиылысында орналасқан бағдаршам бір ғана сымға ілініп, құлауға аз-ақ тұр. Жаяу жүргіншілер бағдаршам жерге құлап, жол апатын тудырады деп алаңдауда. Біз бұл мәселені өз көзімізбен көріп қайттық. Сынған бағдаршам жаяу жүргіншілер жүретін жолдың үстінде орналасқан. Сол себептен, жолдан өтуге қорқамыз дейді тұрғындар:

– Мәселе қаланың орталығында орын алып отыр ғой. Аудан әкімдігі неге қадағаламайды екен? Бағдаршам құласа, біреуді мерт қылады. Сол үшін қорқамыз, – дейді аудан тұрғыны Ақмарал Жарылқасынова.

Құлау алдында тұрған бағдаршамның жанында үлкен сауда орталығы орналасқан. Сол себепті, жолдан өтетін адамдардың

да қарасы көп. Ал сымға ілінген бағдаршам көптің үрейін алуда.

Сондықтан тұрғындардың өтінішімен Әуезов ауданы әкімдігіне хабарласып, мәселенің шешімін сұрадық. Аудан әкімдігі аталған ескертулердің қалалық Мобильділік басқармасының күшімен түзетілегенін хабарлады.

ТҮРКСІБ АУДАНЫ

Қараусыз қалды



Алматы көп жылдан бері өзіне «жасыл қала» статусын қайтаруға тырысып бағуда. Жаңа саябақтар ашылып, жер-жерде ағаштар отырғызылуда. Мысалы, Түрксіб ауданында 2020 жылы желтоқсанда «Желтоқсан» паркі ашылды. 100 гектарға созылған саябақта жоба бойынша 13 балалар мен спорт алаңдары, ұзындығы 1200 метр болатын жағажай пирсы жасалды. Керемет демалыс орны дерсіз, алайда қазір тұрғындар саябақтың қызығын тек күндіз көре алады. Кеш батысымен бірде-бір шам іске қосылмайды, олардың бар-жоғы да белгісіз, тасқараңғы. Оған қоса, ашылғанына бір жылдан асқан саябақта әлі күнге дейін су арналары тазартылмаған, салдарынан жағымсыз иіс қолқаны қабады. Жаяу жүргіншілер жолы тозып, орындықтар сапасы сын көтермей тұр. Парк бойымен қыдыратын болсаңыз, тап бір қараусыз қалған аулаға түскендей боласыз. Тазалыққа ешкім қарамайды, барлық жерде қоқыс жәшіктері толып қалған. Екі-үш апта бойы тазарту жұмыстары жүргізілмегені байқалады. Қала әкімі Ерболат Досаев осыдан бір апта бұрын ғана саябақ бойымен жүріп, жоғарыда айтылған кемшіліктерді түзетуге тапсырма берген болатын. Күні кеше біз де жағалау жолымен жамап, тазалап жүрген бірде-бір адамды көрмедік. Жақын арада басқа демалыс орны болмағандықтан, амалы жоқ тұрғындар ештеңе қарамастан қыдырып жүр. Жоба бойынша ең бір ауқымды, барлық жағынан ыңғайлы саябақтың қараусыз қалғаны, әрине, жанға батады. Соншама жұршылықтың сүйікті мекеніне айналып үлгерген аумақты қолға алмаса, еңбек еш кетеді.

Желтоқсаншыларға арнайы жасалып, тарихи мән-мағынасы бар аумаққа ерекше назар аудару керек сияқты.

НАУРЫЗБАЙ АУДАНЫ



Жыландар жыры

Лашын көшесінің тұрғындары көшеде жыландардың өріп жүргенін айтып, редакциямызға хабарласты. Айтуларына, жыландар көше бойында емін-еркін жүр. «Сондықтан балаларымыз үшін алаңдаймыз», – дейді аудан тұрғындары.

– Бұл улы жылан ба, жоқ па, білмейміз. Сондықтан қорқып жүрміз. Ағаштардың арасынан шыққан жыландар үй аулаларын жасаулап алған. Осы мәселе бойынша әкімдіктен көмек сұраймыз, – дейді Айсұлу есімді тұрғын.

Тұрғындар өтініші Наурызбай ауданы әкімдігінің назарынан тыс қалмайды деп сенеміз.

БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ



Түтінге тұншығып жатырмыз

Бостандық ауданындағы Сәтбаев көшесінің бойында орналасқан «Камчатка» мейрамханасына аудан тұрғындары шағым білдірде. Олар ғимарат түтінінен уланып жатқандарын айтады.

Мейрамхананың артында екі тұрғын үй орналасқан. Олар күндіз ғимарат түтінінен, түнде мейрамхана шуынан зардап шегіп жатырмыз дейді.

– Осы мәселе бойынша бармаған жеріміз, баспаған тауымыз жоқ. Мейрамхананың орналасқан жері заңсыз. Түнімен жұмыс істейтіндіктен, шуы маза бермейді. Оған да көндік. Енді түтіні таза ауамызды құртып отыр. Аулаға шықсақ түтінінің иісі мұңкіп тұрады, – дейді Светлана есімді аудан тұрғыны.

Тұрғындар мейрамхана мұржасына фильтр орнатсын немесе жұмысын тоқтатсын деп талап қойып отыр.

«Жоқтан бар жасапты...»

Алматылық Рима Корнилова есімді желі қолданушы Тимирязев көшесі мен Марков көшелерінің қиылысындағы жолды көріп: «мынау не?» деп таңқала сұрақ қойыпты. «Мына жолдармен балалар арбасын қалай жүргіземіз, жаяу жүргіншілер – балалар қалай өтеді? Ал мүмкіндігі шектеулі жандар ше?», – дейді ол.

Суреттен жолдардың қалай болса солай жамалғанын көруге болады. Біздің пайымдауымызша, бұл көше бойына жүргізілген қандай да бір құрылыс жұмыстарынан кейін орын алған жағдай. Мердігер компания мұны уақытша жасады деген күннің өзінде дәл мынадай қолапайсыз етіп жасауы жүргіншілерге жасалған қиянат деуге болады. Қазір асфальт жасайтын зауыттар жұмыс істеп тұр. Бірақ мына жолдарды ретке келтіруге ниет танытқан адам жоқ. Бұл көріністі техникалық ақауға балағанымызбен, желі қолданушылар «Бостандық ауданының ноу-хауы», «көркем штопка», «жамау», «тетрис», «жол жасаушылардың инсталляциясы», «арт-объект», «құрақ көрпе», «эксклюзивті дизайн» деп топшылапты. Жоқтан бар жасаған мердігерлер мына жерлерді қашан жөнге келтіреді?

Халықтың үнін кім естиді? Ешкімді бей-жай қалдырмаған аймаққа құзырлы орындар ғана көңіл бөлмей отыр. Өйткені, Қалалық мобильділік басқармасы, жергілікті әкімдік өкілдерінен ешқандай жауап жоқ.

Жабайы саудаға жол жоқ

– Алып шаһар жыл сайын емес, күн сайын гүлденіп, түрленіп келе жатқанын көріп жүрміз. Заманауи үлгідегі саябақтар мен әдемі гүлзарлар, қоғамдық кеңістіктер мен әлеуметтік нысандар көптеп салынуда. Алматының стратегиялық даму бағыты аясында қаланың төменгі бөлігі осылайша көркейіп жатқанына қуанамыз, әрине. Бірақ «таяқтың екі ұшы бар». Басымдық қаланың шеткі аудандарына берілгенімен, Алматының орталығы қараусыз қалмаса екен дейміз. Бүгінде қаланың жоғары бөлігі қараусыз қалған баладай сұрықсыз күй кеше бастады, – дейді редакциямызға келген қала тұрғыны Шынар Нұрәулетова. Дәл осы мағынадағы ойды Маргарита Кунцевич есімді желі қолданушы да қозғапты.

– Иә, әркім жан бағу үшін қолынан келген жұмысты істеп ақша тапқысы келеді. Оған ешкімнің қарсылығы жоқ. Бірақ біреудің жұмысы өзгелерге кедергі болмауы керек қой. Мынау Алтынсарин даңғылы бойынша Шалыпин көшесінің жоғары жағындағы көрініс. Жеміс-жидек сатушы біз жүретін тротуардың жартысынан көбін сауда жасау үшін иеленіп алған, – дейді ол жүктеген суреттерді нұсқап.

– Бұл адам аяғы үзілмейтін жер. Ары-бері кісі көп жүреді. Оған мән беріп жатқан саудагер бар ма? Саудасының көркін қыздырып жұмысын істеп жатыр.



Оның үстіне, мұндай саудада қандай тазалық болсын. Ашық жерде түрлі тағамдар мен дайын салаттар сатылады. Күннің астында, көшеде көтерілген шаңның ортасында тұрған мына өнімдердің сапасы қандай екеніне көпшілік мән беріп жатқан жоқ. Бағасы қолайлы тауарды тұтынудың арты баға жетпес денсаулыққа

зиянын тигізбесе игі... Әуезов әкімдігінің шенеуніктеріне қанша өтініш айттық. Жауап берген жоқ, – дейді ол.

Дәл осыған ұқсас жағдай Әуезов көшесі мен Тимирязев көшесінің қиылысында да қайталанады. Бұл туралы да тұрғындар жиі жазба қалдырады. Қала орталығы заман талабына сай болуы тиіс. Бірі көшеге көкөнісін жайып тастап осылай отырса, енді бірі арбалармен жүріп сауда жасайды. Қаланың қақ ортасында іш киімдерді жарқыратып қойып, сауда жасау деген қалыпты жағдайға айналды. Құдды бір барахолка дерсің! – дейді желі қолданушылар.

Бостандық ауданы әкімдігінің өкілдері саудаға қатысты ережелердің сақталмайтынынан, бұл жағдайлардан хабарсыз деп айта алмаймыз. Көзге түрпідей көрініп тұратын бұл көріністерде саудаға байланысты ережелер мүлде қарастырылмаған. Егер Алматыны абаттандыру жұмыстары дұрыс жолға қойылған болса, онда бұл көріністердің бірі де орын алмас еді. Сондықтан біз қала тұрғындарының сөзін құптаймыз. Әрі-беріден соң бұл Алматыдай алып қалаға сын. Саудагерлер осыны ұғынса дейміз.

РЕДАКЦИЯДАН: Жабайы сауда мәселесі жылда көтерілетін тақырып. Дейтұрғанмен, алып шаһардың көркін бұзып тұрған ретсіз тіршілікті жауапты сала мамандары уақытында қолға алып, тоқтатқаны дұрыс.



#ЖОЛДАУ2022

Серпіліс пен сенім бар

Мұрат ЖҰРЫНОВ,
ҰҒА президенті, академик, профессор:

Президенттің бұл Жолдауында жаңа саяси реформалардың және алдағы уақытта жүзеге асырылатын әлеуметтік-экономикалық бағдарламалардың орындалуы туралы айтылды. Қазақстан Республикасының халқы көптен күткен жолдау болғаны сөзсіз. Бұл жолдаудың мазмұны мен жауапкершілігі аса жоғары деп санаймын. Себебі, халықтың мүддесі, елдің ертеңі, мемлекеттің болашағы сараланған еді. Сондай-ақ, «Семей аймағында Абай облысын құруды ұсынамын. Семей қаласы жаңа облыстың орталығы болады. Осы мәселені аймақ тұрғындары көптен бері айтып жүргенін білемін», — деді президент. Бұл халық үніне құлақ асатын биліктің айқын көрінісі. Бұл ұсыныс Семей жұртшылығын қуантып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамуына серпіліс беретініне сенімім мол. Ел басына күн туған заманда Мемлекет басшысының халыққа Жолдауы нақты істермен жүзеге асырылатыны анық. Жаңа Қазақстанның жаңаруына барлығымыз бірлесе күш біріктірсек кез келген қамалды алатын боламыз!

Алда ауқымды жұмыстар тұр

Мұхтар ЕРМАН,
ҚР Орталық сайлау комиссиясының хатшысы:

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында саяси билікті өзгертуді, қоғамды демократияландыруға бағытталған реформаларды ұсынған еді. Саяси өзгерістер азаматтарды өзін-өзі басқару ісінен бастап жалпы ұлттық сипаттағы мәселелерге дейін, яғни барлық деңгейдегі шешім қабылдауға дайын екенін көрсетті. Ел Президенті сайлау мәселелеріне де жеке тоқталды. Атап айтқанда, өкілді билік тармағын қайта құру, сайлау жүйесін жетілдіру, сайлау процесін жаңғырту және бірнеше заңдарына жаңа нормаларды енгізу туралы тапсырма берді. Сонымен қатар, Президент 2020 жылғы Жолдауында ауыл әкімдерін тікелей сайлау болатыны туралы айтқан. Осы орайда, бүгінгі күнге дейін 961 ауыл әкімінің тікелей сайлауы өтті. 2021 жылғы Жолдауында Мемлекет басшысы 2024 жылдан бастап аудан әкімдерін де тікелей сайлау болатынын жеткізді. Аталған тапсырма 2023 жылдан бастап пилоттық жоба ретінде орындалады. Наурыз айындағы Жолдаудан кейін сайлау комиссиясының алдында ауқымды жұмыс тұрғаны анық.

Әзірлеген Досбол АТАЖАН, Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.

Жастардың ықпалы зор

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

ҚР Президентінің архивінде кездесу өтті. Іс-шараны ҚР Президентінің архиві директорының орынбасары Қайрат Әлімғазин ашып, өз сөзінде архив пен ҚазҰПУ-дің арасында сенімді серіктестік орнағанын атап өтті.

Оқу орнының профессорлары мен оқытушылары архивтің Ғылыми кеңесіне мүше екенін, «Дөңгелек үстелдер» мен конференцияларға қатысатынын және ЖОО студенттері үшін архив есігі әрдайым ашық екенін тілге тиек етті.

Шараға қатысушылар Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару және жаңғыру жолы» атты Жолдауындағы тапсырмалар жөнінде пікір алмасты. Архив қызметкері Ақжан Исаева Жолдауда айтылған негізгі мәселелерге тоқталып, архив саласының электрондық нұсқасының жаңару үрдісін баяндап берді. Ол Мемлекет басшысының қоғамды дәйекті түрде демократияландырып, Жаңа Қазақстанды бірге құруда жастардың ықпалы зор екенін атап өтті.

Сонымен қатар, қонақтарға Қазақстанның БҰҰ-ға кіргеніне 30 жыл толуына орай «Қазақстан ха-

лықаралық аренада» көрмесі ұсынылды. Көрмеде архив қорынан алынған ресми құжаттар мен хаттар, тарихи фотосуреттер қойылды. ҚР Президенті архивінің құжаттарды пайдалануды ұйымдастыру қызметінің басшысы Бөлеген Қасенов көрмені таныстырып, ондағы құжаттардың барлығы саяси тарихымыздағы елеулі сәттердің жиынтығы екенін баяндап, жастардың тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді.

Шара барысында архив қызметкерлері магистранттарға тарихи құжаттардың электронды үлгісін жасайтын құрылғыларды көрсетіп, мекеме жұмысындағы жаңашылдықтармен таныстырды. Ескі құжаттар қалай сақталады, оларды цифрландыру қалай жүреді, мұрағаттардың электронды нұсқасын қалай алуға болады деген сауалдар төңірегінде түсіндіру нұсқаулықтары таныстырылды.

#КүшімізБірлікте

ЕРКІН ОЙ МЕН ҰЛТТЫҚ РУХ

*уақыттың кез келген сынағына дайын болып,
бәсекеге төтеп беруі керек*



Мемлекет басшысы өз Жолдауында «Біздің ең басты құндылығымыз – Тәуелсіздігімізді сақтап, ұлттық бірегейлігіміздің негізін нығайтып, елімізді жаңғырту жолында ұйысуға тиіспіз. Бұл – болашақ ұрпақ алдындағы қасиетті борышымыз» деген болатын. Осылайша «Жаңа Қазақстанды» құруда – әр буынның миссиясын айқындап берді. Болашақ жастардың қолында екені анық. Осыған орай, Қасыл Қатықбаева атындағы №168 лицейі директорының орынбасары Алмас ИСАТАЙДЫ әңгімеге тартқан едік.

– Сіздіңше «Жаңа Қазақстанды» қалыптастыру үшін қайтпек керек?

– Бәріміз білетіндей, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 16 наурызда Қазақстан халқына «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауын айтқан болатын. «Жаңа Қазақстанның» жарқын болашағына жол ашатын өзекті мәселелердің барлығы осы мәлімдемеде қамтылды. Қазақстанның бірлігін ойлаған Президентіміздің ел болашағы үшін алға қойған мақсаттарын орындайтынына сенімдіміз. Осының барлығы сайып келгенде қастерлі құндылығымыз, азаттығымыздың айғағы – тәуелсіздігімізді сақтап қалу, оны баянды ету үшін жасалатын игі істер болмақшы.

– Жастар елдің тірегі деген сөзді қалай түсінесіз?

– Адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттердің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы, рухани бай және ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өресі озық азамат тәрбиелеу. Бұл біздің қоғам алдындағы борышымыз. Сапалы білім, саналы тәрбие беру әр ұстаздың алға қойған міндеті болса, өз ісінің білімді, өнегелі азаматы болу – әр оқушының міндеті. Бүгінгі жастарды кешегі жастармен салыстыруға келмейді. Арада жер мен көктей айырмашылық бар. Бүгінгі жастарда еркін ой, ұлттық рух бар. Олардың бойынан іскерлік пен талантты көре отырып, алға деген ұмтылысты байқаймыз. Алдағы уақытта тәуелсіздігіміздің тамырын тереңдетіп, Қазақстанды іргелі мемлекетке айналдыру біздің қолымызда, яғни болашағымыз жастардың жауапкершілігінде. Сондықтан жастар қауымы уақыттың кез келген сынағына дайын болып, бәсекеге төтеп беруі керек. Санасы сергек, замандық технологияларды меңгерген Отанымыздың нағыз патриоттары ғана осындай сынақтардан сүрінбей өте алмақ.

Қазақ халқында «Жас келсе – іске» деген керемет сөз бар. Олай болса, мен бойымадағы жастық жігерімді, күш-қуатымды, жаңашылдығымды шәкірт тәрбиелеуге жұмсауым қажет. Болашақта қанат қақтырған оқушыларымды биік белестерден

көрсем, өзімнің кішкене де болса үлесім тиген болса, мен өзімді бақытты ұстаз деп білемін.

«Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді» деген Ахмет Байтұрсынұлы. Біз секілді жастарды білім жолына салып, түзу жолдан тайдырмай, санаға сәуле шашар оқу-білімнің тізгінін ұстату мемлекет пен қоғамның міндеті саналады. Өркениетті, дамыған мемлекеттер қатарына енген Қазақстан жастарға жарқын болашаққа жол ашып берді. Осы мемлекетті одан да биіктету – білімді жастардың қолында.

– Қоғамдық істер мен ұстаздықты қатар алып жүрсіз, үлгеру қиынға соқпай ма?

– Қазіргі таңда тәуелсіз еліміздің ертеңгі тізгінін ұстар азаматтарына жан-жақты өнегелі тәрбие беру – қоғамымыздың алға қойып отырған басты мақсаттарының бірі. «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың хас жауы» демекші, ең алдымен, келешек ұрпаққа тәрбие берілуі тиіс. Себебі, тәрбие берместен еш білімді қондыра алмаймыз. Жастар жалын жүректі, өршіл намысты, биік рухты болса, ол елдің еңсесі биік болады. Атап айтсақ, адами құндылықтары бөлектеу. Жастардың тұлғалық сипаты жас кезінен бастап қалыптасады. «Тәрбие – отбасынан басталады» дей келе, осы тұста ата-ананың шешуші, маңызды рөл атқаратынын айта кеткен жөн.

– Өзіңіз қазақ тілі мен әдебиеті саласының маманы екеніңізден хабардармыз, поэзияға жақынсыз ба?

– Әр әдебиетке құмар жанның еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін байқаймыз. Ол қасиет менде де бар. Мен поэзия оқу арқылы жанымды тыныштандырамын.

Поэзия – бүгінгі нұрландырған сәуле, келешекке жарығын шашқан қуатты шам және шексіздіктен бастау алатын ғашықтықтың әні және адамның толқуынан туатын әуен. Нағыз өлең арқылы ақиқатқа адамның көзі ашылып, көңілдерде көктем орнап, шуаққа бөленеді, алыстағы жақындайды, рух қанаттанады. Соның ішінде сүйіп оқитыным поэзияның асқақ шыны Мұқағали Мақатаев. Атамыз көптеген тақырыптарға қалам сермеген ақиық ақындардың қатарында. Ақынның ғұмырлы поэзиясы бүгінгі таңда барша жұрттың жүрегінен берік орын алып, қуанышы мен қайғысын бөлісетін айнымас жан серігіне айналды. Ақын ұлы сезімге бас иіп, өз өлеңдерінде махаббат тақырыбын кеңінен суреттеген. Мұқағали атаның әр өлеңі өзінің мағынасымен, шынайылығымен, тазалығымен оқырманын өзіне баурап алады және ой салады. Мұқағали шығармашылығының тәні өзін-өзі зерттеуден тұрады. Тағы бір ерекше тұлға Мағжан Жұмабаев! Мағжан – алдымен, сыршыл ақын. Мағжан сөзіндей «тілге жұмсақ, жүрекке жылы» тиетін үлбіреген нәзік әуез қазақтың бұрынғы ақындарында болған емес. Ол жүректің қобзын шерте біледі. Мағжан не жазса да сырлы, көркем, сәнді жазады. Мағжан Жұмабаевты азамат ретінде де, ақын ретінде қазақ халқы ғана емес, күллі түркі халқы танып, мақтан тұтады.

Әр ақын мен үшін дара тұлға әрқайсысының алар орны ерекше.

– Алда қандай мақсат-мүдделер тұр?

– «Армансыз адам қанатсыз құспен тең» демекші, бәріміздің өз арман, мақсатымыз бар. Өмірлік мақсат – сені ғұмыр бойына алға жетелеп жүруші күш. Адам баласы әуелгіде қиялдап, армандайды. Асыл арман уақыт өте нақты мақсатқа ұласады. Мақсатың нақты болған сайын сенің әрекеттерің де нақтылана түседі.

Мақсат, арман деген көп қой, бірақ бастысы саналы адам ретінде тұлға ретінде қалыптасу және өзге де соны ұғындыра, үйрете білу және сол арманым орындалып келе жатыр. Шәкірт тәрбиелеп, оларды жақсылыққа жеткізу, тұлға ретінде қалыптастыру – ұстаз үшін үлкен қуаныш және міндет. Өзімізде бар қасиеттерді оқушының бойына дарыту үлкен жауапкершілік.

Сол ұрпаққа саналы тәрбие, сапалы білім беру жолында маңдай терімді төгіп, адал еңбек ету – менің алдыма қойған мақсат-міндетім. Біз тәрбиелеп жатқан шәкірттеріміз өмірден өз орнын тауып, бір кірпіш болып қаланып, ұстазынан шәкірті озып жатса, адал еңбегіміздің ақталғаны.

Бастысы, армандаудан, мақсат қоюдан шаршамауымыз керек, ойымыз жүйрік болуы тиіс. Яғни алдымызға мақсат қоюдың өзі ғана емес, мақсатқа жету жолы да маңызды рөлге ие.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



САРАПТАМА

«ҮЙДЕГІ САУДАНЫ БАЗАРДАҒЫ НАРЫҚ БҰЗАДЫ»

Тұрғындардың табыс көлемі неге баға нарқына сәйкесе бермейді?

Күнкөріс деңгейі мен тіршілік минимумы. Бұлар бір-біріне сәйкесе ме? Қоғамда осындай да сауал бар. Өлшемнің басты барометрі – Алматы. Бәріне себеп – бірінші қолданыстағы тауарлардың, алдымен азық-түліктің қымбаттауы. Біз көтеріп отырған мәселенің ақиқаты да сол. Әңгімені де содан бастамақпыз.

Бәріне азық-түлік нарығындағы баға себепкер

Биылғы үш ай ағымдағы сауда үшін сәтсіз болды, дейді деректер. Тұтастай алғанда 2,7 трлн теңгенің тауары сатылған. Номиналды тұрғыда бұл өткен жылдың сәйкес мерзіміндегі көрсеткіштен 7,1 % көп. Алайда, өткен айда бес жылдан бергі максимумына жеткен инфляцияны есепке алғанда бұл көрсеткіш 3,3 пайызға дейін төмендеді.

Әлбетте алдымен көрсеткіштің төмендеуіне азық-түлік нарығындағы баға себепкер. Бірінші тоқсандағы тауар айналымының төмендеуі Алматы қаласында да байқалады. Елдегі ең ірі мегаполис ағымдағы сауданың ең ірі нарығы екені айтпаса да белгілі. Себебі, ел тұрғындарының 10 пайыздан астамы Алматыда тұрады. Оның үстіне, алматылықтардың төлем қабілеті де басқа аймақтардағыдан жоғары.

Соңғы деректерге қарағанда, біздің қаламыздағы азық-түлік саудасы 30,9 пайызға қысқарған көрінеді. Осылайша бизнес 52,1 миллиард теңгеден айырылған. Сарапшылар алдымен бұған қантар оқиғасының зардабы тигенін айтады. Оның үстіне, тұтас елді қамтыған дағдарыстың салқыны да бар. Атап айтқанда, қантар айында ағымдағы сауда көлемі 15,9 пайызға қысқарған. Салыстырмалы түрде қарастырсақ, 2020 жылдың ақпанында бұл көрсеткіш 16,2 пайыз болған. Ақпан-наурыздағы көрсеткіш те мез емес. Сәйкесінше, ол 92,5 және 96,7 пайызды құрайды. Ел саяси дағдарыстан арылған кездегі көрсеткіштің өзі осындай. Бұл да ойланатын мәселе.

Кірісіне қарай шығысы

Ресми деректер көрсеткендей, соңғы 5 жылда тұрғындардың нақты ақшалай кірісі артқан. 2022 жылдың өткен екі айында да ол 7 пайыздық өсім байқағып отыр.

Әдетте, кірістің көбеюі азық-түлік себетінің мөлшерін де ұлғайтады. Оның үстіне, адамдардың сапалы тағамға деген сұранысы артады. Алайда, қазіргі ақиқаттарға қарағанда, оның ағымдағы саудаға анау айтқандай тигізіп отырған көмегі байқалмайды.

Тағы бір мәселе үй шаруашылығының кірісіне байланысты. Атап айтқанда, соңғы бес жылда отбасылық бюджеттегі тұтыну мөлшері артқан. 2017 жылдың соңғы тоқсанында кірістің 46,7 пайызы азық-түлікке жұмсалса, 2021 жылдың соңында ол 53,5 пайызға көбейген. Сондай-ақ, бес жылдың ішінде тұрғындардың тамаққа жұмсар қаржысының мөлшері де артқан. Қазіргі жағдайда тұрғындардың жалақысының орташа есеппен 70 пайызы азық-түлікке жұмсалады.

Оның үстіне бұрынғыдай емес, тұрғындардың көпшілігі құс еті мен шұжықтан гөрі анағұрлым арзан тағамдарға қарай бұрыла бастаған тәрізді.

Мәселен, бес жылдың ішінде тұрғындардың құс етін пайдалануы 30,6 пайызға, арзан шұжық пайдалануы 15,4 пайызға артқан. Бұны да амалсыздық деп пайымдаймыз. Әйтпесе, қазықартаны кертіп жегенге не жетсін, шіркін. Қазіргі көп қазақ қазыны тек түсінде ғана «жейді». Негізгі тағамы – окорокка мен макарон.

«Арзан менен қымбаттың, базар берер нарқы бар»

Бір қызығы, тұрғындардың ет пен ет өнімдерін тұтынуы 10,3 пайыз артыпты деген деректер де бар. Бұл қалай сонда? Инфляция үлкен, табыс аз, бірақ ет жеу мөлшері артқан.

Оны да саралап көрелік. Алдымен Қазақстандағы орташа жалақы мөлшерін алалық. Соңғы дерек бойынша ол 243,7 мың теңгені құрайды. Яғни былтырғыдан 19,3 пайызға өскен.



Шынында да үш мезгіл болмаса да, күнделікті ет жейтіндей-ақ мөлшер. Алайда, осы 243,7 мың теңге мөлшерінің елдегі жалпы табыс көлемінің орташа мөлшері екенін ұмытпау керек. Яғни айына 600 мың – 1 миллион теңге табатын құзырлы шенеуніктер мен 70 мың теңгелік жалақымен күн көріп отырғандар бар. Демек, жоғарыдағы 10,3 деген «ет жегіштердің»

көрсеткіші жалпы халыққа ортақ емес деген сөз.

«Арзан менен қымбаттың, базар берер нарқы бар». Базардағы күнделікті сауданың шамасын көріп отырмыз. Есесіне, көтерме сауда көлемі 6,6 трлн теңгеге жетіп, 28,9 пайыз өсім байқатқан.

Өмірзақ МҰҚАЙ.

ТҮЙІН:

Елдегі соңғы кездегі күнкөріс деңгейін көрсететін ішкі сауданың жағдайы осындай. Ағымдағы саудадан гөрі көтерме сауданың күрт өскені анық байқалады. Есесіне, көтерме саудадан гөрі ағымдағы сауданың бағасы қымбат. Алайда, тұрғындардың табыс көлемі осы баға нарқына ұдайы сәйкесе бермейді. Қазір үкімет осы олқылықтың орнын толтырып, жалақы мен жәрдемақы, зейнетақы, тағы да басқа төлемдерді өсіру мәселесін қарастырып отыр. Оған байланысты республикалық бюджетті белгілеудегі өзгерістерді ала тартуға болады. Бір сөзбен айтқанда, үкімет қарапайым халықтың күнкөріс мәселесін басты назарда ұстауда. Демек, алдағы уақытта жағдайдың бірішама реттеліп қалары күмәнсіз.

ӨМІРДІҢ ӨЗІ

ӨТКЕН КҮННЕН БІР САБАҚ

Сырт көзге қатал көрінгенімен, Ханым апай өте мейірімді кісі екен. Өмір бойы бала тәрбиесімен айналысқан соң ба, кісімен байыппен, ақырындап сөйлеседі. Кісіге жаны ашығыш, көмек көрсеткісі келіп тұратыны байқалады. Егер де бірдеңе сұрай қалсаңыз, асықпай түсіндіре бастайды. Өзі өте сабырлы, салиқалы кісі. Сосын тағы бір қасиеті – қолындағы барымен бөлісіп, өзі аз нәрсені қанағат тұтады.



Рая ЕСКЕНДІР

Ханым апайдың айтуынша, кезінде Алматыға Қарағандының Осакаровка ауданынан келіпті. Оқу бітірген жас маманға балабақшадан жұмыс табылып, атақты АХБК-ның жатақхана-сынан бір бөлме бұйырады. Сол жатақханада бүкіл жастық дәурені өтті десе де болады. Уақыт зымырап, көңіл білдірген ер-азаматпен отау құрады. Қайрат есімді азаматты өзі де бір көргеннен ұнатады. Әрі екеуі де бір өңірден. Қарапайым, комбинатта elektrik болып жұмыс істейтін жігіт АДҚ құрылыс комбинатында жұмысшы болып, денсаулығы сыр бере бастаған соң осында ауысса керек.

Осылайша екеуі отау құрып, жас отбасыларға арналған жатақханаға көшіп барады. Енді Ханымның баяғы еркін кезі жоқ. Бұрын бір кесе шәй ішіп, кейде аш жата кетсе, жауапкершілік мойнына түскен соң, күні бойы ойлайтыны кешкі астың қамы болды. Айлық алысымен базарға барып ет, тауық әкеп, оны тұздап терезенің алдына жайып қояды. Молырақ етіп алуға сақтайтын жері жоқ. Кішкентай қазанға екі адамға арнап ас әзірлейді. Ыдыс-аяғы мен кір-қоңын жуып болам дегенше түн ауады. Бірде тоқыма цехының шебері Люба апайдың «осы сен пәтердің кезегіне тұрып па едің?», – дегені.

– Қайдағы, қаладан үй аламын деп кім ойлаған. Оның үстіне «ел жаққа көшсек қайтеді» деп жолдасым да жиі айта бастаған еді. Қара жұмыс пен тұрмыстың тауқыметі қажытқан шақта бір үміт ояғандай, дереу жөн-жосбасын

сұрастыра бастадым. Көп ұзамай құжаттарымды алып, Тұрғын-үй бөліміне келдім. Ақыры қаладағы тіркеуімнің бес жылдан асқаны барлық талапқа сай келіп, кезекке ілдім-ау. Ұмытпасам, бір қабырғаны түгел алып тұратын пәтер кезегінің ең соңында менің аты-жөнім тұрды. Қолым қалт еткенде барып, қарап қоямын. Сол қалпы, еш өзгеріс жоқ. Әйтеуір бір күні баспана бақытының бұйыратынын ойлап, қиялға берілетінмін. Бірақ көп ұзамай жекешелендіру науқаны басталды да, комбинат жабылып қалды. Не керек, күні-түні бітпейтін дау мен жиналыстың арқасында пәтер түгіл, жатақханадағы кішкентай бөлмемізге қолымыз әзер жетті ғой, – дейді Ханым апай.

Дүниеге келген екі ұлының несібесі шығар осыған да шүкір деп, місе тұтты. Ары қарай нағыз қиындық басталды. Жатақханаға жақын орналасқан автобекет пен «Сайранды» күніне екі мәрте сүзіп шығады. Қолындағы былғары дәу сөмкесін бос бөтелкеге толтырып қайтады. Оны жуып-тазалап дүкенге апарып өткізеді. Әжептеуір ақша тауып, оған азық-түлік алады. Отағасы екі баланы қарап үйде қалады. Бұл жұмыстан түскен мардымсыз ақша да жетпеуге айналды. Ақыры бәліш пісіріп сатуды бастады. Ыстық бәлішті қағаз жәшікке қаттап салып, сыртынан қалыңдап орап, күнде автобекетке тартады. Жұрт әп-сәтте талап әкетеді. Тіпті, ұзақ жолға шығатын автобустардың жүргізушілері оны күтіп



тұратынды шығарды. Кейде, тіпті, екі-үш мәрте қатынайтын болды. Үлкен ыдыстарға қамыр ашытып, ол көтерілгенше бәліштерін сатып келеді...

– Арада қырық жылға жуық уақыт өткенде ғана пәтер кезегінің келгенін айтып, хабарласты. Қуанғанымнан есім шығып, не істерімді білмедім. Мен, тіпті, кезекте тұрғанымды ұмытып та кеткем ғой. Содан дереу туған-туысқандарыма хабарлап үлгердім. Баспана бақыты маған да бұйырды-ау деп, дереу жаңа пәтерге көшіп алдық. Жатақханадағы шағын бөлмені сол бойда азын-аулақ теңгеге жалға өткіздім. Текке тұрғызсам да болар еді, жауапкершілікті сезінсін дедім. Әттең, осы қуанышымды Қайраттың көрмей кеткені-ай деймін іштей. Қазір екі баламның да өз шаңырағы бар.

Отбасыларымен бөлек тұрып жатыр. Оқу бітірген адамға жұмыс та табылады емес пе? Оның үстіне, қазір түрлі бағдарламалармен баспаналы болуға мүмкіндік те бар. Жас кезімде денсаулыққа мән бермеген екенмін. Қазір екі тізем алдырмайды. Әсіресе, ұйқыдан тұрған кезде аяғымды баса алмай, тіземді ұқалап отырып қаламын. Қан қысымым да кейде тым жоғарылап кетеді. Үлкен ұлым шипажайға жолдама алып берді. Мамыр айында жол жүргелі отырмын, – деген Ханым апай барлық адамды сабырлы болуға шақырады.



КОЛЛЕДЖ

Гранттар саны артып келеді



Биылғы жылы жоғары оқу орындарында берілетін білім гранттарының саны 73 мыңға дейін артып отыр. Бұл ретте жоғары оқу орындары мен колледждерге қабылданған студенттердің көбі мемлекет есебінен тегін оқу мүмкіндігін алатын болады.

Рая
ЕСКЕНДІР

– «Президенттің қолдауының арқасында мектеп түлектерінің бюджет есебінен оқуға мүмкіндігі артып

келеді. Колледждерде білім алу үшін биыл білім беру гранттарының саны да рекордтық көрсеткішке, яғни 31 мың грантқа дейін ұлғайып отыр. Гранттардың басым бөлігі техникалық мамандықтар бойынша беріледі.

Сондай-ақ, біз емтихандарды алып тастадық және азаматтардың әлеуметтік осал санаттары үшін арнайы квоталарды енгіздік. Гранттар барлық колледжге берілмейді. Студент грантты жеңіп алып, белгілі бір колледжді таңдайды. Осылайша қаржыландыру студент таңдаған колледжге жіберіледі. Бұл кадрларды даярлау бойынша колледждердің бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Ең бастысы – еңбек нарығының сұранысына сай болу», – дейді ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов.

Гранттарды бөлу кезінде халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларға арналған квоталар саны ұлғайтылады. Яғни көпбалалы немесе толық емес отбасылардың балалары, сондай-ақ ерекше қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыдан шыққан үміткерлердің грант алу мүмкіндігі әлдеқайда жоғары болады. Сонымен бірге, биыл мемлекеттік білім беру тапсырысын бөлу кезінде инженерлік, өңдеу, құрылыс салаларына, сондай-ақ педагогикалық және жаратылыстану ғылымдарына ерекше көңіл бөлінеді. 2022 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша техникалық кадрларды даярлау және техникалық бағыттар бойынша мемлекеттік тапсырыс үлесі 60%-ға дейін артып, сұранысқа ие және қажетті мамандықтарға жаңа гранттар бөлінеді.

ТИЛ – ТҰҒЫРЫҢ

ТИЛ МӘРТЕБЕСІ – МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ

Алматыда Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамдық бірлестігі Алматы аудандық филиалының бастауыш ұйым мүшелерінің жиналысы өтті.

Жиынға қоғам белсенділері, тіл жанашырлары, аудан әкімі аппаратының жауапты қызметкерлері, бастауыш ұйым төрағалары мен қазақ тілін оқытушы мамандар, құқық қорғау орындарының қызметкерлері, БАҚ және қазақ тілін меңгерген этнос өкілдері қатысты.

Жиынды Алматы ауданы әкімінің орынбасары Айнұр Бекжанова жүргізіп отырды. Алқалы жиында Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Алматы қалалық бірлестігінің төрағасы Құсман Шалабаев, белгілі қоғам қайраткері, филология ғылымының кандидаты, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі Асылы

Осман, Алматы қаласы әкімі аппаратының Тілдерді дамыту және ономастика бөлімінің бас маманы Нұрмұха Шаймерденов, т.б. сөз сөйлеп, мемлекеттік тілдің қолдану аясындағы көкейкесті мәселелер мен «Қазақ тілі» қоғамы жұмыстарының мақсат-мүдделеріне кеңінен тоқталды.

– Бүгінгі таңда Алматы қаласында екі филиал ресми тіркелген. Олар – Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Алматы қалалық филиалы мен Алматы қаласы Түркісіб ауданы «Қазақ тілі» қоғамдық бірлестігі. Сонымен қатар, Алатау, Алмалы, Әуезов, Бостандық, Медеу, Жетісу, Наурызбай аудандарында жаңадан Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы бірлестігінің аудандық филиалдары құрылып, құрамында жалпы саны 2447 мүшесі бар 156 бастауыш ұйым дүниеге келді. Бұл бағыттағы жұмыс әлі жалғаса береді. Аудандық филиал төрағалары сайланып, Әділет органдарында тіркеуге құжаттары әзірленуде, – деді Нұрмұха Шаймерденов.

Э.ТҰРДАЛИЕВА.

«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

Қазақ тілінің бүгіні мен болашағы талқыланды

Кеше ҚР Ұлттық Ғылым академиясы мен Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты және «Қайнар» академиясының ұйымдастыруымен «Қазақ тіл білімінің бүгіні мен болашағы» атты «Дөңгелек үстел» отырысы өтті.

Досбол
АТАЖАН

Ғылыми жиынға Ұлттық Ғылым академиясының президенті Мұрат Жұрынов бастаған Зейнеп Базарбаева, Кәрімбек Құрманәлиев, Шерубай Құрманбайұлы сынды Ұлттық Ғылым академиясының академиктерімен қатар, белгілі тілші-профессорлар Анар Салқынбай, Жаңалық Балтабаева, Раушан Авакова қатысып, баяндама жасады. Сондай-ақ, жиын барысында қазақ тіл ғылымының қазіргі жағдайы мен болашағы туралы және тіл білімін дамытудың жаңа бағыттары жайлы көкейкесті мәселелері талқыланды.

– Біздің өміріміздің түкпір-түкпіріне дейін қазақ тілін енгізу керек. Қазір тіліміз тиісті деңгейіне дейін жете алмай келе жатыр. Сондықтан алдағы екі-үш жылда қазақ тілі барлық салаға түбегейлі енуі қажет. Қазақ тілін білмейтін адам мемлекеттік қызметте істемеуі керек, – деп нақты



ұсынысын білдірді Ұлттық Ғылым академиясының президенті Мұрат Жұрынов.

Іс-шара аясында академик Кәрімбек Құрманәлиевтің «Қазақ тіліндегі сөзжасамдық ұя: теория және практика» атты кітабының тұсаукесері өтті.

СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ



Аттестатты қашан алады?

Биыл шаһарда 12 мыңға жуық түлек мектеп бітіреді

Соңғы екі жылғы үзілістен соң Алматыдағы 287 мектептің ауласында «Соңғы қоңырау» соғылғалы отыр.

25 мамыр күні осынау қуанышты сәтті 300 мыңға жуық мектеп оқушысы басынан кешсе, олардың 12 мыңға жуығы биылғы мектеп бітіргелі отырған түлектер. Сонымен қатар, мектеп түлектеріне арналған «Аттестат тапсыру» салтанаты 16-17 маусымда өтеді деп жоспарлануда. Дәл қазіргі кезде қалалық Білім басқармасы барлық мектеп басшылары мен ата-аналар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, Білім және ғылым министрінің мектеп бітіру кешін мейрамханада өткізуге тыйым салғаны жөніндегі бұйрығымен таныстырды.

КЕЗДЕСУ

АҚШ университеттерінің филиалдары ашылады

Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов Қазақстандағы АҚШ елшісінің міндетін атқарушы Джуди Куомен кездесіп, қос мемлекет арасында білім саласындағы ынтымақтастық мүмкіндіктеріне тоқталды.

Қазақстан тарабы Президент тапсырмасын жүзеге асыру аясында елімізде АҚШ-тың жетекші университеттерінің филиалдарын ашу бойынша серіктестікке дайын екенін жеткізді. Сонымен қатар, екі елдің ғылыми зерттеу бағытында бірлескен жобаларды іске асырудың да мүмкіндігі мол. Бүгінге дейін 2679 отандасымыз «Болашақ» халықаралық бағдарламасы аясында АҚШ-та білім алып, қайта даярлықтан да өтті. Дәл қазір екі мемлекет арасында студенттердің академиялық ұтқырлық жобасы жүзеге асып жатыр.

ЖОБА

Мектеп кітапханаларына сый



Кітап оқудың адам санасы үшін аса маңызды екені уақыт озған сайын біліне бастады. Сондықтан балаларды жас кезінен бастап кітап оқуға баулу үшін еліміздегі балабақшаларда, мектептерде, колледждер мен университеттерде барлық қажетті жағдайды жасау маңызды екені жиі айтыла бастады.

Еліміз бойынша 2020 жылы «Оқуға құштар мектеп» жобасы іске қосылды. Жоба аясында мектеп кітапханалары көркем әдебиетпен қамтамасыз етіліп, жөндеуден өтіп, қажетті материалдармен жабдықталды, сондай-ақ кітапханалардың жұмысы қайта форматталды. Қазіргі кезде мектеп кітапханаларына бас сұға қалсаңыз, кітап оқып отырған немесе кітап өткізіп, алып жатқан оқушыларды жиі байқауға болады. Мәселен, өткен оқу жылы басталғалы мектеп кітапханалары 2 млн көркем әдебиетпен толыққан екен. Одан бөлек, кітапханаларда коворкинг орталықтар құрылып, олардың саны 500-ге жуықтап отыр. Сондай-ақ, мектеп оқушылары үшін күнделікті 20 минуттық кітап оқу үрдісі енгізілді.

Дәл қазіргі кезде еліміздің университеттері мен колледждерінің кітапханалары автоматтандырылып, қайта жабдықтау жұмыстарын жүргізіп жатыр. Жаңа көркем әдебиеттер сатып алынып, студенттер үшін оқуға ыңғайлы жүйелер енгізілуде. Сонымен қатар, электронды кітапханалардың қолжетімділігі артып, студенттерге арналған коворкинг орталықтар мен демалыс орындары ашыла бастады. Бұл балалардың кітап оқуға деген сүйіспеншілігін оятуға негізделіп отыр.

Әзірлеген Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.



АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

«КӨЛЕҢКЕЛІ» КӘСІП Жеке тұлғалардың арасындағы ақша аударымдарына салық салына ма?

Жеке тұлғалардың мобильді ақша аударымдары бақыланатыны туралы ақпарат тарағалы қоғамда біраз пікірталас туды. Қаржы министрлігінің 29 наурыздағы бұйрығымен Жеке тұлғалардың банктік шоттарында жүргізілетін операцияларды кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудан кіріс алу белгілері бар операцияларға жатқызу критерийлері бекітіліп, 15 сәуір күні күшіне енді.

Ақша аударымдарын бақылау арқылы жеке тұлғаның кәсіпкерлікке қатысы бар-жоғы анықталады. Нақтыласақ, жеке тұлғаның банк шотына басқа тұлғадан қатарынан 3 ай ішінде 100 рет немесе одан да көп қаражат түссе, онда бұл кәсіпкерліктен пайда табу деп есептеледі. Ел арасында қызу талқыланды бұл мәселе төңірегінде маманның пікірін біле кеткенді жөн көрдік.

Перизат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
қаржы сарапшысы:



– 2021 жылдың 25 қарашасында Парламент «Салық және бюджеттегі өзге де міндетті төлемдер туралы» Заң жобасын қабылдаған соң халық арасында телефон арқылы жасалатын мобильді аударым-

дар тақырыбы қызу талқыға түсті. Салық төлеуді естіген жұрт мобильді төлемдерден жаппай бас тартып жатқанын көріп жүрміз. Ал «15 сәуірден бастап ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті жеке тұлғалардың банк шоттарының арасындағы мобильді ақша аударымдарына мониторинг жүргізуді бастайды» дегенді естіген саудагерлер саудаларын қолма-қол ақшамен жүргізе бастады.

Сонымен қатар, елде 1 миллион 200 мың кәсіпкер тіркелген болса, соның 300 мыңы онлайн бақылау құрылғысын мүлдем қолданбайды екен. Демек, салықтан жалтарып жүр. Осының жолын кесу үшін де заң қайта талқыланды.

Әр табыс тауып отырған тұлға мемлекетке шынайы салық төлеп тұру қажет. Кәсіпкерлер табыстарын жасырып қалмай, шынайы жұмыс істеуді дағдыға айналдырған дұрыс. Себебі салықтан түскен қаржыға мектеп, аурухана салуға, адамдардың құқығын қорғауға тиіс полицейлер мен мемлекеттік қызметкерлер жалақысына, азаматтардың кейбір санатына: көпбалалы отбасыларға, табысынан



айырылғандарға, мүгедектігі барларға жәрдемақы төлеуге, жолды жөндеуге жұмсалады.

ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті басқарма басшысының орынбасарының айтуынша, жалпы аударымдар болған. Мұның ішінде кәсіпкер де, жеке тұлғалар да бар. 35 триллион теңге аударған. Бұл арнайы Ұлттық банктің берген мәліметі. Биыл кәсіпкерлік мақсатта да, жеке мәселені де қоса алғанда 43 триллион ақша аударылған. Енді онлайн ақша берудің жолдары анықталады.

Мобильдік төлемдерді бақылау арқылы тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу үшін есеп айырысулар кезінде онлайн-бақылау-касса машиналарын қолдануды заңдастыру, кәсіпкерлерді бизнесті жүргізуге арналған жеке шоттарды пайдалануға міндеттеу, салықты дұрыс төлеу жолға қойылатын болады.

Ал жеке тұлғаларға келер болсақ, жеке тұлғалардың арасындағы ақша аударымдарына салық салынбайды. Заң жобасында ақша аударымына жаңа салықтың немесе шектеудің болатыны көзделмеген.

РЕЙТИНГ



Қылмыс жиі жасалатын өңірлер аталды

**Сарапшылар Қазақстанда
тіркелген қылмыстық
құқық бұзушылықтар
саны 7 пайызға
азайғанын айтады.**

Ranking.kz зерттеушілерінің мәліметінше, 2022 жылдың бірінші тоқсанында елімізде 44,6 мың қылмыстық құқық бұзушылық тіркелген, бұл 1 жыл бұрынғыдан 6,5 пайызға аз. Оның 17,9 мыңы орташа ауырлықтағы, 12,8 мыңы ауыр, 6,8 мыңы ауыр емес, 807-сі аса ауыр қылмыстар, делінген хабарламада.

Есепке сәйкес, өңірлік тұрғыда қылмыстық құқық бұзушылықтардың басым бөлігі Алматы қаласында тіркелген: Қазақстан Республикасының 22,2%-ы немесе 9,9 мың оқиға, бұл бір жыл бұрынғыдан бірден 26,6%-ға артық.

Көшбасшыларға қарсы алғашқы үштікке астана (4,3 мың жағдай, жылына минус 6,9%) және Алматы облысы (4,2 мың жағдай, минус 3%) кірді.

Айта кететін жәйт, еліміздің 17 өңірінің ішінде ең аз қылмыстық құқық бұзушылық

Қызылорда облысында тіркелген: бар болғаны 972 оқиға, жылына минус 19,3%. Ал қылмыстық құқық бұзушылықтар санының жыл сайынғы ең көп өсімі Алматы қаласында, асауы Ақмола облысында: 28,5%-ға, осы жылдың қаңтар-наурызында 1,5 мың оқиғаға дейін байқалды.

«Қылмыстық құқық бұзушылықтардың басым бөлігі меншікке қарсы құқық бұзушылықтар саласында тіркелді: 31,2 мың іс – 1 жыл бұрынғыдан 7,4%-ға аз», – дейді сарапшылар.

Жеке тұлғаға қарсы қылмыстар (3 мың іс, бір жыл бұрынғыдан 8,6% аз) және қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстар (2,3 мың іс, плюс жылына 34,7%) болды.

Сондай-ақ, құқық бұзушылықпен келтірілген залалдың белгіленген мөлшері 1 жылда бірден 61%-ға өсіп, 120,6 млрд теңгеге жетті. Оның ішінде мемлекетке 66,9 млрд теңге, заңды тұлғаларға 28,2 млрд теңге, жеке тұлғаларға 25,5 млрд теңге залал келтірілген. 6-тарау бойынша («Меншікке қарсы құқық бұзушылық») келтірілген залалдың белгіленген мөлшері 68,1 млрд теңгені құрады, бұл 2021 жылғы қаңтар-наурызбен салыстырғанда 1,9 есеге көп.

ПРОКУРАТУРА

Жаңа сервис жұмысты жеңілдетеді

ҚР Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті халықты ақпаратпен қамту үшін Қазақстан Республикасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетімен «Ақпараттық сервистерін» іске қосты.

«Ақпараттық сервистер» Қазақстан Республикасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің qamqor.gov.kz ресми сайтында азаматтар үшін интернет-арна арқылы еркін қолжетімді болады. «Полицияға арыз беру» бөлімінде азаматтар үйден шықпай-ақ «Ақпараттық сервистер» порталы немесе ЭЦҚ арқылы полицияға арыз бере алады. Егер өтінішті тіркеу туралы мәліметтер болмаса, өтінішті тіркеу және қарау кезінде бұзушылықтар орын алған болса, Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аумақтық органдарына өтінішті тіркеу және қарау кезінде бұзушылықтар туралы хабарлама жіберуге болады.

Сондай-ақ, «Мемлекеттік органдарға жазған өз өтінішін тексеру» бөлімі, «Адамдардың қаза болуына немесе жаралануына әкеп соққан көлік құралының жол-көлік оқиғасына қатысуы туралы ақпарат», «Өз айыппұлдары туралы біл», «Қылмыскерлерді, борышкерлерді, хабар-ошарсыз кеткен адамдарды іздестіру», «Алиментшілерді іздеу», «Геокарталар», «Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімі жария секторы» бөлімдері, «Қылмыскерлерді, борышкерлерді, хабар-ошарсыз жоғалған адамдарды іздестіруді» «Қылмыстық құқық бұзушылықтар картасы», «Жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік органдарға өтініштерінің картасы» компоненті бар.

Ж.КӨКЕТАЕВА,

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Алматы қаласы бойынша басқармасы қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру бөлімінің прокуроры.

ПОЛИЦИЯ

Күдіктілер ұсталды

Қаңтардағы тәртіпсіздік кезінде Алматыдағы Kaspi Bank филиалын тонаған күдіктілер ұсталды. Бұл туралы ҚР ІІМ Тергеу департаментінің басшысы Санжар Әділов айтты.

«Полицияның жедел мүмкіндігімен қатар, бұл қылмыстарды ашуға азаматтардың көмегі де ықпал етті. Олар кеңінен түсіндіру жұмысының нәтижесінде оқиға кезінде түсірілген бейнематериалдарды ұсынды. Осындай видеолардың бірінің арқасында Алматы қаласында бір топ жас жігіттің «Лунапарк» балалар ойын-сауық орталығынан теледидарлар мен басқа да тұрмыстық техниканы автокөлікке тиіп, ұрлағаны анықталды. Басқа видеода Алматы қаласындағы Kaspi Bank филиалына шабуыл жасалғаны көрінді. Онда бір топ адам қылмыс орнында, яғни айналасындағыларға және өтіп бара жатқан көліктерге назар аудармай тоналған мүлікті бөліскен. Азаматтар ұсынған бейнематериалдар қылмыскерлерді әшкерелеуге көмектеседі және заттай дәлелдеме ретінде пайдаланылады», – деді Санжар Әділов Орталық коммуникациялар қызметінде.

Бетті әзірлеген Гүлжанат СЕМБАЕВА.



УСТЕЛ ТЕННИСИ



ҮЙРЕНЕРІМІЗ КӨП

Алматыда «CNPC – Қазақстан Республикасының үстел теннисі федерациясы» академиясында еліміздің ұлттық құрамасы мен жастар және жасөспірімдер командаларына, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары мен облыстық жаттықтырушыларға арналған халықаралық деңгейдегі семинар мен оқу-жаттығулары өтуде.

Қазақстандық теннисшілерге Қытай Халық Республикасының тәжірибелі жаттықтырушысы Сюн Тао тәлімгер болып, өзара тәжірибе алмасуда.

«Әріптестермен тәжірибе алмасқан соңғы үш күнде Қазақстан ұлттық құрамасы жаттықтырушыларының дайындық деңгейі, кәсібилігі мен шеберлігі әртүрлі өңірлердегі жаттықтырушыларға қарағанда біршама жо-

ғары екеніне назар аудардым. Бүгінгі дайындық семинары – осы алшақтық пен олқылықты жоюдың алғашқы қадамы. Біздің алдымызда осы бағытта көп жұмыс бар», – деді жаттықтырушы.

Отандық жаттықтырушылар Сюн Тао тәлімгерлігімен өтіп жатқан оқыту-жаттығу барысы туралы оң пікір білдіруде:

«Менің жаттықтырушы болғанымға тоғыз жыл болса да, үйре-

нерім көп екен. Қытайда үстел теннисі ұлттық спорт болып табылады. Сондықтан осы елден келген тәжірибелі маманнан спорттың жаңа қырларын үйренудеміз. Біз Сюн Таоға көп сұрақ қойсақ та, ол шаршамай, теорияны да, практиканы да қолжетімді түрде қызықты қылып түсіндіреді. Семинар өте жақсы өтуде», – деді спорт шебері, жеке және жұптық разрядтағы Қазақстан чемпионатының қола жүлдегері Әсем Өтепова.

Айта кеткен жөн, 29 сәуір мен 1 мамыр аралығында Алматыдағы «ADD» үстел теннисі орталығында Қазақстанның ашық командалық чемпионатының (үшінші лига) бірінші туры өтеді.

ГИМНАСТИКА

ҮЗДІКТЕР АНЫҚТАЛАДЫ



Шаһарымызда батуттық гимнастикадан Қазақстан чемпионаты басталды.

27–30 сәуір аралығында Алматыда әртүрлі жас санатындағы спортшылар арасында батуттық гимнастикадан Қазақстан чемпионаты өтіп жатыр.

Жарысқа еліміздің түкпір-түкпірінен 200-ден астам спортшы қатысуда. Чемпионатта жасөспірімдер мен ұлттық құрама спортшылары өнер көрсетеді.

Айта кеткен жөн, аталған турнирдің жеңімпаздары осы жылдың 16–19 қарашасында Болгарияда өтетін әлем чемпионатында ел намысын қорғайтын болады.

Қызық факт: Батуттық гимнастика құрамына кіретін Халықаралық гимнастика федерациясы – әлемдегі ең көне спорт федерациясы (1881 жыл).

СЕМСЕРЛЕСУ

АЛМАТЫЛЫҚТАР АЛДА ТҮР

Ерлер мен әйелдер арасында семсерлесуден Қазақстан чемпионаты жалғасып жатыр. Алматылық спортшылар командалық есепте бірінші тұр.



Ел біріншілігі аясында рапирада семсерлесуден жекпе-жектер өтті. Ерлер арасында Шығыс Қазақстан облысының спортшысы Темірлан Қалиев топ жарды.

Екінші орынға Алматыдан келген Ғалым Нұрымов жайғасты. Ал Тимофей Семенов (Алматы) және Ниязбек Сафинов (ШҚО) қола жүлдені қатар иеленді.

Әйелдер арасында София Ақтаева (СҚО) бәрінен басым түсті. Күміс жүлдеге Құлжан Түсіпбекова (ШҚО) лайықты болса, үшінші орынды алматылық спортшылар Камила Бекболат пен Виктория Зинова бөлісті.

Сондай-ақ, Қазақстан чемпионатының рапирада семсерлесуден ең мықты командалары анықталды. Ерлер арасында Алматы командасы ешкімге дес бермей, үздік ұпаймен бірінші тұр. Екінші орынға Шығыс Қазақстан облысының екі бірдей командасы жайғасты. Әйелдер арасындағы жалпы командалық есеп келесідей:

- 1-орын: ШҚО;
- 2-орын: Алматы-1;
- 3-орын: СҚО;
- 3-орын: Алматы-2.

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

«ЖАҢА ТОЛҚЫН»

Қала аймағында «Жаңа толқын» спорттық іс-шарасы аясында ұлттық, шеберлік және зияткерлік спорт түрлерінен жарыстар өткізілді.

Барлық тілек білдірушілер арқан тарту, садақ ату, асық ату, ләңгі, күрес, белтемірге тартылу, шахмат және дойбы сынды сайыстарға қатысты.

Алматы облыстық Жастарды қолдау жөніндегі Қоғамдық кеңес төрағасының орынбасары, «Baqutty bolashaq» қайырымдылық қорының құрылтайшысы және Сағадат Нұрмағамбетов атындағы «Sagadat batyr-QTT» спорт клубының бас бапкері Нұрсұлтан Орынбасаров ұйымдастырды.

«Ел Президенті өзінің Қазақстан халқына Жолдауында «Біз бірге жаңа Қазақстанды құруымыз керек» деп мәлімдеді. Ол үшін қоғам жаңа бағыт алып, жаңа жобаларды іске асыруымыз керек. Мен жастарды салауатты өмір салтына шақырғым келді. Жастар – біздің болашағымыз. Мен үшін жергілікті тұрғындардың барлық жағынан дамып, спортпен айналысуы өте маңызды», – дейді Нұрсұлтан Орынбасаров.

Сонымен қатар, спорттық іс-шараға Алматы облыстық мәслихатының депутаты Гүлжан Ерубасева, самбодан Азия, Әлем чемпионаттарының бірнеше дүркін жүлдегері Ділдах Құрышбаева, қазақстандық боксшы Балауса Мұздыман және «Sagadat batyr-QTT» клубының тәрбиеленушілері мен жаттықтырушылары қатысты.

Жиналғандар алдында сөз сөйлеген Гүлжан Ерубасева жастарды



барлық спорттық іс-шараларға белсенді қатысуға шақырып, Қазақстанда жастарды қолдау мәселелеріне көп көңіл бөлінетінін мәлімдеді:

«Жастар саясатын қолдау мақсатында елімізде білім беру, мәдениет және спорт және басқа да көптеген салаларда белсенді жұмыс жүргізілуде. Сондай-ақ, жастарды тұрғын үймен қамтамасыз ету және жұмысқа орналастыру бойынша үлкен жұмыс жүргізілуде. Бұл іс-шара дене шынықтырумен және спортпен шұғылданушылардың санын арттыру, бұқаралық және ұлттық спорт түрін дамыту және танымал ету мақсатында өткізіледі. Мен баршаңызды барлық іс-шараларға қатысуға шақырамын», – деді Гүлжан Ерубасева.

ФУТБОЛ

«ҚАЙРАТ» ТАҒЫ ЖЕҢІЛДІ

Алматылық «Қайрат» футболдан Қазақстан чемпионатында қатарынан екінші рет жеңіліс тапты.



Биылғы біріншілік кубогын көтеруге үміткер «Қайрат» және «Ордабасы» чемпионаттың 8 турында өзара мықтыны анықтады. Бұл кездесу алдыңғы кезеңде жеңіліс тапқаннан кейін алматылық ойыншылар үшін де, турнирлік кестеде көшбастауға мүмкіндігі бар «Ордабасы» футболшылары үшін де өте маңызды болды. Ойын басталғаннан-ақ алаң иелері «Қайрат» футболшыларын қатты қыспаққа алып, бірнеше өткір шабуыл жасады. Шымкенттік ойыншыларға есеп ашуға тек сәттілік пен дәлдік жетіспей тұрды. Дегенмен, «Ордабасы» қарқынына шыдай алмаған алматылықтар мұндай мүмкіндікті өздері сыйлады. Қақпаға бағытталған соққылардың бірін 15-ші нөмірдегі «Қайрат» қорғаушысы Егор Ткаченко қолымен қағып, өз қақпасына пенальти әкелді. Елхан Астанов он бір метрлік айып добын мінсіз орындап, 11-минутта есеп ашты. Есеп тақтасы 1:0 көрсеткен соң, ойын серпіні төмендеп, «Ордабасы» ойыншыларының қысымы бәсеңдегені байқалды. Қарсыласының қорғанысқа ауа бастағанын байқаған алматылықтар өздері де еркін шабуылдауға көшті. Соның арқасында «Қайрат» шабуылшысы Артур Шушеначев 30 минутта есеп теңестірді. Оң қапталдан айып

алаңына асырылған допты алматылық ойыншы қақпаға дәл бағыттап білді. Ойынның бірінші жартысы 1:1 есебімен аяқталды.

Екінші тайм тағы да «Ордабасының» белсенділігімен басталды. Чемпионатының үздік шабуылшылар тізімінде 6 голмен көш бастап тұрған Серж Ньюадзи шымкенттік команданы алға шығарды. Ол 4-нөмірдегі қорғаушы Виктор Васинді алдап өтіп, оң қапталдан өткір бұрышынан дәл соққы жасады. 75-минутта «Қайраттың» пенальтиден кейін есеп теңестіруге тағы бір мүмкіндігі болды. Алайда, «Ордабасы» қақпашысы Бекхан Шайзада Рикарду Алвештің соққы бағытын дәл тауып, қайтара білді. Ойын 2:1 есебімен алаң иелерінің жеңісімен аяқталды.

Айта кеткен жөн, бұл алматылық команданың қатарынан екінші жеңілісі. Алдыңғы турда «Қайрат» ойыншылары өз алаңында «Тұран» командасынан жеңіліп қалған. 8 тур нәтижесі бойынша «Қайрат» турнирлік кестеде 3-орыннан 5-орынға түсіп қалды. Ал «Ордабасы» керісінше 4-шіден 1-орынға бір-ақ секірді. Шымкенттік командадан кейін 13 ұпаймен «Астана» және «Каспий» командалары жайғасса, 4-орында «Тобыл» тұр.

Бетті дайындаған
Досбол АТАЖАН.



ЗАМАНАУИ МЕДИЦИНА

БЕЙНЕКАПСУЛА

жіңішке ішекті мейлінше мұқият зерттейді



Алматыда жіңішке ішекті зерттейтін заманауи бейне-капсулалық эндоскопияның таныстырылымы өтті.

Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ-да Ресейдің жетекші MEDSI Premium компаниясының профессоры, м.ғ.д. Петр Щербак-овтың қатысуымен клиника мен Алматы қаласының гастроэнтеролог және эндоскопист дәрігерлері үшін шеберлік класс өткізілді. Шеберлік класс барысында жаңа буынды Smart Capsule бейнекапсулалық эндоскопияның таныстырылымы өтті. Бұл шара жақын және алыс шетелдердің жетекші ғылыми медициналық орталықтарымен ынтымақтастық шеңберінде ұйымдастырылған.

Институттың басқарма төрайымы, м.ғ.д., профессор Роза Қуанышбекова:

— Әр маман өз білімін үнемі жаңартып, жаңа дағдыларды игеріп, медицина саласындағы инновациялар туралы хабардар болуы тиіс. Біз пациенттердің сапалы, уақытылы және білікті медициналық көмек алуы үшін үнемі біліктілігімізді арттырамыз, шеберлік кластарға, семинарларға қатысып, әріптестермен бірге тәжірибе алмасып отырамыз. Институт страте-

гиялық серіктестік шеңберінде алыс және жақын шетелдің халықаралық клиникалық орталықтары мен университеттерімен ынтымақтастықты орнатты, — деді.

Аталған институтта 2014 жылы Қазақстанда тұңғыш рет бейнекапсулалық эндоскопия жасалған. Демек, осы бірегей зерттеуді жүргізуде тәжірибе жинақталды деуге болады.

— Бейнекапсулалық эндоскопия — бұл гастро және колоноскопияның дәстүрлі әдістеріне қолжетімсіз жіңішке ішек аумағын визуализациялауға мүмкіндік беретін капсуланың көмегімен асқазан-ішек жолдарын зерттеудің заманауи әдісі. Зерттеудің ерекшелігі — ішек толығымен тексеріледі. Пациент жайсыздықты сезінбейді, зерттеу жүргізу үшін наркоз жасаудың қажеттілігі жоқ. Процедура ешқандай ауыртпалықсыз өтеді. Бейнекапсула бір реттік қолданыста болатындықтан, пациенттің жұқтыру мүмкіндігін болдырмайды. Зерттеуді амбулаториялық жағдайда да, сондай-ақ стационар жағдайда да жүргізуге болады, — дейді дәрігер.

йында да жүргізуге болады, — дейді Роза Қуанышбекова.

MEDSI Premium клиникасы директорының орынбасары Петр Щербак-овтың айтуынша, заманауи капсулалар жасанды интеллект жүйесімен жабдықталған, кескін сапасы айтарлықтай жақсарған. Сондай-ақ, ол қазақстандық мамандар — эндоскописттердің жақсы дайындығын атап өтті.

Ал клиниканың эндоскопия және интервенциялық гастроэнтерология бөлімшесінің меңгерушісі Владислав Зелинскийдің айтуынша, асқазан-ішек жолдарын процедураға дайындағаннан кейін, зерттеу жүргізген күні пациенттің бөліне жазып отыратын қондырғы ілінеді. Пациент әдеттегі таблетка секілді капсуланы жұтады. Капсула табиғи түрде асқазан-ішек жолымен қозғалады, орнатылған камера суретке түсіреді, барлық ақпарат жазып отыратын құрылғыға жіберіледі. Әдетте алынған жазбаның ұзақтығы 14-15 сағатты құрайды. Эндоскопист-дәрігер алынған мәліметтерді талдап, қорытынды береді. Капсула біраз уақыттан кейін ағзадан өзі табиғи жолмен шығады.

— Біз зерттеуге кірісіп кеттік. Маскеулік әріптеспен бірге алгоритмдердің көмегімен пациенттің бейне және фото суреттерімен жұмыс істейтін боламыз, алынған деректерді зерттеп, қорытынды береміз, — дейді дәрігер.

Зерттеудің осы әдісі темір жетіспеушілігі анемиясы кезінде жіңішке ішектен қан кету, жасырын қанға нәжістің оң нәтижесінің болуы, жіңішке ішектің қабынып ауруы, оның ішінде Крон ауруына және жіңішке ішек ісігіне күдік туындаған жағдайда, тұқым қуалайтын полипоздары бар пациенттерге, іштің түсініксіз ауруы және белгісіз этиологияда жылдам салмақ жоғалту жағдайында көрсетілетіндігін айта кеткен жөн. Бейнекапсула жіңішке ішекті мейлінше мұқият зерттейді.

Капсулалық эндоскопия жіңішке ішек ауруларын диагностикалауда «алтын стандарт» болып саналады.

КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК



Алматылық дәрігерлер кеңірдек стенозына ота жасады

Алматыдағы №1 қалалық клиникалық аурухананың торакальды хирургия орталығының мамандары бүгінде көкірек қуысына операция жасауға әбден машықтанған. Солардың бірі — кеңірдекке жасалатын манипуляциялар.

Бұл қызметтер тегін медициналық көмек және сақтандыру пакеті арқылы көрсетіледі.

Торакальды хирургтар кеңірдек стенозы диагнозы қойылған 56 жастағы пациентке осындай ота жасады. Ол биылғы ақпан айында ковид жұқтырып, пневмонияның ауыр түрімен ауырған. Хирург Мұхтар Нысанбайдың айтуынша, пациент ұзақ уақыт бойы жансақтау бөлімінде, кейін интенсивті терапия бөлімінде жатқан.

— Өкпені жасанды желдету аппаратымен ұзақ уақыт бойы дем алғандықтан, кеңірдегіне трахеостомия жасалған. Ауруханадан шыққаннан кейін араға бір ай салып дем жетпей алқынып, тыныстағанда кеудеде ысқырық пайда болған. Компьютерлік томография мен бронхоскопия нәтижесінде кеңірдектің төменгі бөлігінің тарылғаны анықталып, циркулярлы стеноз деген диагноз қойылды, — дейді дәрігер.

Кеңірдек стенозы немесе кеңірдектің тарылуы ұзақ уақыт жасанды тыныс алу аппаратымен дем алған, трахеостомия жасалған, мойын жарاقاتын алған, кеңірдегі мен жұтқыншағы күйген, кеңірдек жолында ісік пайда болған пациенттерде кездеседі. Бұл дерт ауаның өкпеге түсуін қиындатады.

Торакальды хирургтар эндоскопиялық электроэксцизия деп аталатын операция жасады. Қазір пациенттің жағдайы жақсы. Тыныс алу жеткіліксіздігі байқалмайды.

— Соңғы кезде мұндай жағдайлар жиі кездесетін болды. Бұл дерттен әсіресе, жасанды тыныс алу аппараты арқылы ұзақ уақыт дем алған және кеңірдегіне тілік жасалған адамдар зардап шегетін көрінеді. Олар демікпедегі сияқты тұнығып, ауа жетпей қиналады, қақырық түсуі қиындайды, — дейді Мұхтар Нысанбай.

Торакальды хирургия орталығындағы УДЗ, фиброэндоскоп, КТ, МРТ сынды заманауи қондырғылар операцияны асқан дәлдікпен жүргізуге мүмкіндік береді. Шалғай елдімекендердің тұрғындары электронды хат немесе телефон арқылы алдын ала сырттай консультация ала алады. Сонымен қатар, мұнда көшпелі қабылдау және ота жасау мүмкіндігі де қарастырылған.

«АҢСАҒАН СӘБИ»

Биыл ЭКО-ға 845 квота бөлінді

Былтыр Қазақстанда «Аңсаған сәби» бағдарламасы іске қосылғанын білеміз. Осы бағдарлама шеңберінде ЭКО-ға квота саны 7 есеге ұлғайды.



Оның ішінде Алматыға 2021 жылға бөлінгені 800-ге жуық квота болса, 2020 жылы 130 квота бөлінген болатын. Ал биыл «Аңсаған сәби» бағдарламасы аясында 845 квота бөлінді. Қалалық Денсаулық сақтау басқармасының өкілдері бірінші тоқсанға 759 квота берілгенін хабарлады.

ЭКО-ға жіберу туралы шешімді Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасы жанынан құрылған арнайы комиссия қабылдайды. ЭКО-ны әйелдің өзі таңдайды. Бүгінде Алматы қаласы бойынша тегін ЭКО-ға 879 әйел кезекте тұр. ЭКО процедурасына өтініш беру үшін тіркелген емханаға бару керек, сол жерде тексеруден өткен соң, процедураға жібереді. Осы бағдарлама аясында пациент жылына бір рет ЭКО жасай алады.

Бүгінде елімізде 26 ЭКО орталық жұмыс істейді. Оның 21-і жекеменшік. Еске сала кетейік, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен 2021 жылдан бастап елімізде «Аңсаған сәби» бағдарламасы жүзеге асырыла бастады.

КЕРЕК КЕҢЕС

«Мен іскер адамдардың әлемінде жұрт жетпеген шыңға шықтым, басқа жұрттың көзімен маған қарағандар менің өмірімді керемет табысты өмірдің үлгісі деп санайды.

Бірақ менің өмірімде жұмыстан басқа қуанышым көп болған емес. Токетерін айтқанда, байлық — менің өмірімнің бір ғана шынайы көрінісі, үйреншікті, қалыптасқан көрінісі.

Қазір төсекте ауру болып жатырмын. Бүкіл өмірімді көз алдымнан жүгіртіп өткізсем, менің бар байлығым мен атағым — ажалға бір күні жетектеп аппаратын ең жоғарғы өмір шындығының түкке тұрғысыз, мән-мағынасыз бір нәрсесі ғана екенін түсіндім.

Сіз көлігіңізді жүргізетін адамды жалдап алуыңызға болады. Сіз үшін еңбек етіп табыс әкелетін адамдарды жалдап алуыңызға болады. Бірақ сіз ешкімді сіздің ауруыңызды өзіне алып ауыратын адамды ақшаңызға жалдай алмайсыз.

Дүние мен мүлкіңізді іздеп сатып алуыңызға болады. Бір ғана нәрсені — өмірді, жоғалған өміріңізді іздеп, сатып ала алмайсыз.

Өмірдің еркетайы болыңыз. Басқаларды сыйлаңыз.

Адам есейген сайын ақылы толысады, түсіне бастайды. 30 доллар тұратын сағат пен 300 доллар тұратын сағаттың екеуі де бірдей уақытты көрсетеді екен...

30 доллар тұратын әмиян мен 300 доллар тұратын әмиянның ішіне бірдей ақша сыяды екен...

СОҢҒЫ СӨЗ

«Алтынмен апталым, кхміспен кхптелін» өмір сүрген ауқатты жігіттің сыры



Атақты миллиардер Стив Джобс 56 жасында асқазан безі обырынан көз жұмған.

150 мың доллар тұратын көлікпен де, 30 мың доллар тұратын көлікпен де жолы да, қашықтығы да бірдей жерге жетеміз.

Бағасы 300 доллар тұратын немесе 10 доллар тұратын шараптың ләззаты бірдей.

300 немесе 3000 шаршы метрлік пәтерде жалғыз тұрсаңыз, жалғыздығыңыз екеуінде де бірдей.

Сіздің ішкі жан-дүниеніздің бақыты мал-мүлік пен дүниеден нәр алмайды.

Сіз бірінші класпен немесе эконом класпен ұшыңыз, егер ұшақ құласа, бәрі бірге құлайды.

Егер сіздің сөйлесетін достарыңыз немесе сөйлесіп тұратын адамыңыз болса, біліп қойыңыз, нағыз бақыт сол!

Даусыз бес шындық:

1. Балаларыңызды бай болсын деп тәрбиелемеңіз, бақытты болсын деп тәрбиелеңіз. Сонда ғана олар өскенде дүниенің бағасын емес, әр нәрсенің құндылығын білетін болады.

2. Асыңызды «шипалы дәрі» деп ішіңіз. Олай етпесеңіз, тамағыңыз тек дәрі болады.

3. Сізді сүйетін адамдар, сіз қанша «керексіз» болсаңыз да, сізді ешуақытта тастап кетпейді.

4. Адам болу мен адамгершілікті болудың үлкен айырмашылығы бар.

Тез жүргіңіз келсе, жалғыз жүріңіз! Алысқа барғыңыз келсе, бірге жүріңіз!

Ал әлемдегі ең мықты 6 дәрігер:

1. Күннің сәулесі
2. Демалыс
3. Спорттық жаттығу
4. Диета
5. Өзіңе сенімің
6. Достарың

Өмір бойы осылармен бірге болыңыз!».

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШЕВА.



АЛМАТЫ ХАЙУАНАТТАР БАҒЫНА – 85 ЖЫЛ!

ЗООБАҚ ЖАЗҒЫ МАУСЫМҒА ДАЙЫН БА?

Көктем мезгілін алматылықтар ғана емес, хайуанаттар бағының тұрғындары да асыға күтеді. Қалада түнгі ауа райы тұрақты түрде 10–15 градусы көрсеткенде, алматылық зообақ жануарларының барлығы жазғы вольерлерге шығарылады. Жазғы маусымға дайындық барысы қалай жүретінін өз көзімізбен көріп қайттық.

Динара
МҰРАТ

Биыл Алматы хайуанаттар бағы өзінің 85 жылдық мерейтойын тойлауда. Оның негізін Жетісу өңіріне танылған аңшы, өз саласының білгірі Мырзахан Төлебаев қалады. 1937 жылы зообақта 70 түрлі жануар тіркелсе, 85 жылдың ішінде олардың саны 345 түрге, 5428 данаға жеткен.

«Приматтар» бөлімінің басшысы Шолпан Әбдібекқызының айтуынша, көктемді зообақ қызметкерлерінен бөлек, хайуанаттардың өзі асыға күтеді екен.

— Күн шыға салысымен маймылдар терезеге телміре қараумен болады, мысалы, гиббон торына сыймай секіріп, жылы ауа райына ерекше қуанады. Ал біз күн жылығанда өз жұмысымызды бастап кетеміз. Алдымен хайуанаттар бағының аумағын тазалаймыз, ағаш отырғызу үшін орын дайындаймыз. Себебі, біз маймылдар үшін арнайы жеміс ағаштарын өсіреміз. Олардың қоршаулары толығымен жөнделеді — едендер ауыстырылады, торлары боялып, жасанды ағаш, ойын баспалдақтары, арқан орнатылады, — дейді Шолпан Әбдібекқызы.

Ережеге сәйкес, даладағы ауа райы түнде тұрақты түрде 10–15 градусқа жеткенде барлық приматтар сыртқа шығарылады.

— Қыстауларынан бірінші болып гиббондар шығады, себебі жауын-шашын, қар жауғанда қайтадан ішке кіргізуге болады. Басқа маймылдармен жағдай қиындау — оларды сыртқа бір шығарсаң, қайта кіргізе алмайсың. Приматтар адамдар сияқты



ғой — ауа райына байланысты көңіл күйлері өзгеріп тұрады. Жаңбырлы күнде сіркелері су көтермей, ұйқышыл келеді. Ал жылы күндері көңілдері де көтеріңкі болады, — деді қызметкер.

Мысалы, шимпанзе Паша жылуды жақсы көреді, көбінесе күнге қыздырынып жатады. Балалар келгенде, кездесуге кім көбірек қуанатыны белгісіз — Паша ма, әлде мектеп оқушылары ма. Әйтеуір бір-біріне айқайлап, тор арқылы сөйлесіп жатады.

Хайуанаттар бағының қызметкерлерінің айтуынша, биылғы жылы жануарлар қыстан қинамай шықты. Жалпы, жазғы маусымға дайындық үш кезеңнен тұрады: біріншісі — қоршаудағы жөндеу жұмыстары: қоршау едендері боялады, ағартылады немесе өзгертіледі. Екінші кезең — қоршаулар ветеринарлармен дезинфекцияланады. Үшінші кезең — хайуанаттар бағын абаттандыру.

Өкінішке орай, хайуанаттар бағын қайта құру, жаңа қоршаулар салу процесі тез жүрмейді. Жаңа павильонның немесе қоршаудың эскизін жануардың осы түрін сақтауда сәтті нәтиже көрсеткен басқа хайуанаттар бағының мамандарымен келісе отырып жасау қажет. Өйткені, қоршау хайуанаттар бағында жануарларды ұстаудың халықаралық стандарттарына сәйкес келуі керек. Содан кейін ғана ЖСҚ дайындалып, қаржы бөлінеді. Бар-

лық жұмыстар құпталғаннан кейін құрылыс басталады.

— Жануарларға арналған вольерлер мен қыстақтар алдымен жануарларға, қызмет көрсетушілер мен біздің келушілерге ыңғайлы болуы тиіс, — дейді Алматы хайуанаттар бағының даму жетекшісі Ақжам Рахимова.

Қазір аюлар мен қасқырларға арналған қоршаулар құрылысы толығымен аяқталған. Вольер үш бөлімге бөлінген ойпатта орна-

Қазіргі уақытта хайуанаттар бағында суда жүзетін құстарға: фламинго, пеликандар, аккулар, үйректер мен қаздарға арналған төрт тоған қайта жөндеуден өтуде. Содан кейін пілдер мен бегемоттарға жаңа үй салу жоспарлануда.

Аумақты абаттандыру жоспары бойынша 700 шаршы метр жерге жеті қызметкер гүл отырғызып, 300 шаршы метр жерге көгал төсеп, 200 шаршы метр



ласқан. Өткен жазда Герда қоңыр аюы балалары: Кенай мен Кодмен бірге жаңа қоршауға қоныстанды. Олардың жанында Қара Гималай аюлары Уссури мен Яшин тұрады. Үшінші бөлімде Қазан хайуанаттар бағынан келген полярлық қасқырлар орналасатын болады.

жерге ағаштар мен бұталар отырғызады.

Күн сайын хайуанаттар бағын 10–15 арнайы қызметкер тазалайды. Тазалау жұмыстары таңертең 8.00-де қоршауды ретке келтіруден басталады — ішетін ыдыстар жуылады, қоршаулар тазаланады, сыпырылады. Ветеринарлар бар-

лық секциялар бойынша жануарларды аралайды. Әр ветеринар өзіне қарасты жануарды жақсы біледі.

Сөз арасында Ақжам Рахимова соңғы кездері адамдардың жауапсыздығынан, біраз жануарлардың жапа шегіп, хайуанаттар бағына тапсырылып жататын жағдайлар жиілеп кеткенін айтты.

— Бізге көбінесе жараланған, жетім қалған, әлсіреген жыртқыш құстарды, бірқазан, дала тасбақаларын, кейде қасқыр, түлкілерді әкеледі. Адамдар тасбақаларды үйлеріне ойыншық ретінде алып, мезі болғанда бізге тапсыра салады. Дегенмен, мені мейрімді, камқор адамдар да жиі қуантады — олар енді өздігімен табиғатта өмір сүре алмайтын жануарларды әкеледі. Бірақ артық қыламын деп, тыртық қылатындар да бар. Мысалы, көктем мен жаздың басында бізге кішкентай үкілер жиі түседі. Олар қаланың шетінде, саябақтарда тұрады. Балапандар өсіп келе жатқанда, ата-аналары оларды ұшуға үйретеді. Ұядан ұшқан балапандар ағаш бұтақтарына отырады. Міне, осы жерде білместіктен адамдар оларды қараусыз қалған немесе жоғалып кеткен деп ойлап, алып келеді. Бұл мезгілде құстарға тиіспеулеріңізді сұраймыз. Олар ағаштарда бір-бірден отырады немесе бұтақтардан бұтаққа секіреді — бұл қалыпты жағдай, олардың ата-аналары жақын жерде және оларға қамқорлық жасайды! Осылайша балапандар өз бетінше өмір сүруді үйренеді, — деп атап өтті Ақжам Рахимова.

Хайуанаттар бағында адамдар үй мысықтары ретінде ұстаған төрт кішкентай арыстан бар. Адам арыстан өсіріп жатып, оның ертең жыртқышқа айналарын ойламайды. Хайуанаттар бағының қызметкерлері экзотикалық әрі жыртқыш аңдарды үйде ұстауға саналы түрде жауапкершілікпен қарауды сұрайды.

Сөз соңында хайуанаттар бағының қызметкерлері жақсы жаңалықтарымен бөлісті.

— Биылғы жылы мысық леопардтары бізге тосын сый жасады — ұрпақ берді. Жынысын әлі білмейміз, себебі аналары қызғанып, баласын көрсетпейді. Мен оларға балаларым немесе немерелеріме қарағандай қараймын — дүниеге келуін тағатсыздана күтемін. Біз негізі ырымшыл халық болғандықтан, уақытынан бұрын жаңалықтармен бөлісе қоймаймыз, көз тие ме деп қорқамыз, — деп күлді зообақ қызметкері.

НЕ?



ҚАЙДА?



ҚАШАН?

«БАРЛЫҚ ХАЛЫҚҚА ОРТАҚ МЕЙРАМ»
КВЕСТ ЖӘНЕ «ЫНТЫМАҒЫ ЖАРАСҚАН
ТУҒАН ӨЛКЕМ – ҚАЗАҚСТАН» ФЕСТИВАЛІ



Өтетін орны:
И.А.Крылов атындағы кітапханада, Еуразиялық аграрлық колледжі.
Күні:
29 сәуір.

МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ



Өтетін орны:
Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясының Н.Тілендиев атындағы камералық залы.
Күні:
29 сәуір.

ЭТНОМӘДЕНИ БІРЛЕСТІКТЕР
АРАСЫНДАҒЫ ЖАРЫС

Өтетін орны:
«Гүлдер» саябағы.
Күні:
29 сәуір.



ТАРИХ



Хайуанаттар бағы қашан салынды?

1937 жылы 13 қаңтарда Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесінің «Алматы қаласында хайуанаттар бағын ұйымдастыру туралы» қаулысы шықты. Ұйымдастыру мәселелері қалалық кеңеске, ал ғылыми басшылық ғылым академиясының филиалына жүктелді. М.Горький атындағы Мәдениет және демалыс саябағының артындағы бақта хайуанаттар бағын салу туралы шешім қабылданды. Алматы қалалық кеңесінің шешімі бойынша 1937 жылдың 19 ақпанында Казачка өзенінің оң жағалауында көлемі 26,6 гектар жер телімі бөлінді. Хайуанаттар бағының алғашқы директоры Мырзахан Төлебаев болды. Ол хайуанаттар бағының экспозициясы үшін жергілікті фауна өкілдерін аулауға жеке өзі қатысты. Алматы зоологиялық паркіне алғаш түскен жануарлар қатарына елік, екі қасқыр, жас түлкі, арқар, ақбөкен, қарақұйрық, тау ешкісі болды. Хайуанаттар бағының алғашқы күндерінен бастап алматылықтарды таңқалдыру үшін М.Төлебаев Мәскеу хайуанаттар бағымен жануарларды сатып алу туралы келіссөздер жүргізді. Мәскеу хайуанаттар бағынан эму, бизон, нилгау бөкені жіберілді. Ашхабад хайуанаттар бағынан Алматыға гиеналар, қорқау, каракалдар мен түлкілер жіберілді. Ленинград хайуанаттар бағынан ақ аю, бұғылар мен жанат жіберілді. Аскания-Нова қорығынан зебу бөкендері, гну мен канн келді. Құрылған жылы жануарлар коллекциясы 70 түрді құрады.



КІТАП – КӨҢІЛ КІЛТІ

ЗАМАНАНЫҢ УАЙЫМЫН ЗЕРДЕЛЕГЕН

Журналист, жазушы Сәкен Сыбанбайдың «Ғаламтордағы махаббат» атты кітабын бір деммен оқып шықтым. Журналистің бәрі бірдей көркемсөздің, көркем прозаның хас шебері бола алады десек, қателесеміз. Оны да оң жамбасына оңтайлы келетіндер игереді.

«ҒАЛАМТОРДАҒЫ МАХАББАТ»

Кітап осылай аталған соң, бел ортасынан ойып тұрып, дәл осы әңгімені оқудан бастадым. Замана зардабынан сыр тартатын нағыз заманауи тақырып екен. Соның өзін оқырманға Сәкен дөп жеткізді. Санаттың сандалбай өміріне кім кінәлі? Анасы Айғаным ба, әлде «ғажайып» ғаламтор ма? Бұл – ғасырлық алапат апат, зілзала шығар? Анасының омырауынан ағатын босаған бөбек бас салып айфон-сайфон, планшет, компьютерге жармасады. Рас па? Рас. Әңгімеде сөз төркіні қарыштап бара жатқан ғарыш заманының жетістіктерін жоққа шығаруға емес, өскелең ұрпақпен аралас-құралас болып, жаныңа жақын тартып, тәлім-тәрбие беруге келіп тіреліп тұр.

«Өзіне-өзі жыны келген бозбала жалма-жан телефонын ақтарып, қыз жауабын тауып ашты: «Мен де жалғызбын. Маған да сырлас дос керек. Аузын бұған өгіз емес...».

Көздіңіз бе? Компьютер пернелерін термелеуден қолы босамайтын пақырын ауызша екі ауыз сөздің басын құрастырып, ойына келгенін ойып тұрып айту қабілетінен де мақұрым болады екен-ау! Сөйтпегенде қайтсін? Бала кезінен дала көрмей, құшақ-құшақ қалың дискінің бірінен соң бірін көріп отырып-ақ кеш батып, түн ауғанын аңғармай қалатын жеткіншектің есіл-дерті таусылмайтын компьютерлік ойындардың қалың торына шырмалып қалған. Өсе келе сол қалың тор ғаламторға жалғасып, шынайы өмірде не болып, не қойып жатқанын сезінуден жүрдай болып, сол тордың арасында жүрген шыны бар, өтірігі бар әлемтапырық ақпараттарды айналдыра береді, айналдыра береді. Енді аузын



бұған өгіздер солар болмағанда, кім болмақ?

«СЕН ҚАНДАЙ ТӘТТІ ЕДІҢ, ӨМІР!»

Кей-кейде ойлап қаласың. Осы әжеге деген махаббат сезімі тек қазаққа ғана тән сияқты. Олай дейтінің, тоқсанның төртеуіне келген кәрі кейуананы баласынан туған немересі де, немересінің ұрпағы – шөбересі де өздерін дүниеге әкелген әкесі мен шешесінен артық көріп, өбектеп тұрғандары ғой, шіркін. «Сен қандай тәтті едің, өмір!» деген әңгімеде басты кейіпкерді көреуәз көрсету үшін жай ғана деталь, жарасты юмор өз орнымен пайдаланылған. Күліп отырып, «қандай тәтті едің, өмір!» деп өз өміріңе көз жүгіртіп, қызығы да, шыжығы да да кездескен сәттеріңді електен өткізіп, еске аласың.

Ал жазушы «Ұры» деген әңгімесінде бір мекеменің қатардағы қызметкерінің жұмыс орнынан компьютердің тышқан-мышқактінтуірін ұрлағанын тілге тиек ете отырып, «айран ішкен құтылар, шелек жалаған тұтылардың» керін орақ тіл, ащы мысқылмен ойсырата суреттейді.

Кітап соңындағы екі хикаят та өзекті тақырыптарға өз деңгейінде ден қояды. «Рамазан мен Жұлдызай» хикаятты шымырлаған шындықтың бетпердесін бетің бар, жүзің бар демей жұлып алған шындықты шырылдата айтқан драмалық шиеленістерге толы махаббаттың заманауи дастаны десе де болады.

«Бір шәугім шай»-ға келсек, бұл – тұнып тұрған сурет. Былай қарасаң, қаймана қазақтың қарабайыр тіршілігінің бір пұшпағы сияқты болғанымен, қадалып, қағаздан оқысаң қай-қайдағыны есіне түсіреді, ұлттың болмысының өзгеріп бара жатқанын байқатады.

Сәкеннің бұл кітабында осылардан өзге тағы да оннан астам әңгіме мен екі хикаятты топтастырылған. Әр шығарманың тақырып аясы әралуан. Қаламгер шығармаларында әдеттегі тұрақты сөз тіркестері өзгеше бір бояумен ерекше қолданылады.

«Үміт үйі», «Бақытты адам», «Сенім», «Бесінші палата», «Өмір өтіп барады», «Мәдениетті кісі», «Керемет күн», «Ақырзаман» – осының бәрі Сәкен Сыбанбай кітабына енген әңгімелердің тақырыптары. Қай-қайсының да тереңнен қозғаған әлеуметтік, тұрмыстық, саяси, әдеби-мәдени мәселелері, адамға ой салар қомақты ой-пікірлері бар.

Қысқасы, автор әдемі, әдеби тілді туған топырағынан сіңірген қаламгер екені бірден байқалады. Сәкен Сыбанбайдың «Ғаламтордағы махаббат» кітабын қолға алып, бастан-аяқ, тиянақты оқыған көзің қарақты оқырманда бір ғана өкініш болуы мүмкін. Кітаптың тез оқылып, тез бітіп қалғанына деген өкініш...

Қанат ҚАЙЫМ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

НЕ?



ҚАЙДА?



ҚАШАН?

«БІРЛІГІМІЗ ЖАРАСҚАН!» АКЦИЯСЫ БОЙЫНША АҒАШ КӨШЕТТЕРІ ОТЫРҒЫЗЫЛАДЫ



Өтетін орны:
Наурызбай ауданындағы
Нұрмұхамедов көшесінде.
Күні мен уақыты:
30 сәуір, 10.00.

«ҚҰСТЫҢ КҮШІ – ҚАНАТЫНДА, АДАМНЫҢ КҮШІ – ДОСТЫҚТА» АТТЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ МЕРЕКЕ



Өтетін орны:
Авто-механикалық
колледжі.
Күні:
30 сәуір.

«КОРОЛЬ ЛИР» КОЙЫЛЫМЫНЫҢ ТҰСАУКЕСЕРІ ӨТЕДІ



Өтетін орны: Ф.Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театры.
Күні мен уақыты:
28, 29, 30 сәуір, 18.30.

ДҮЙСЕНБІ
2 МАМЫР

Almaty™ АЛМАТЫ

Ораза айт

6.00 Алматы кеші
7.00 Әсем әуен
8.00 Таңғы студия.
Мерекелік шығарылым
10.00 Мультфильм
11.00 Детский кино клуб.
12.30 Отандық кино.
14.30 Әсем әуен
15.00 Женский кино клуб
19.00 Концерт
20.45 Телехикая. «Гюмюш»
76 серия
22.00 Мужское кино
0.00 Мужское кино
2.00 Сәуле-ғұмыр
2.40 Өмір иірімі
3.10 Дала сазы
3.35 Алматинские истории
4.05 Алматинские каникулы
4.20 Алматы тұнған тарих
4.40 Алматы кеші
5.55 Өнұран

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Өнұран
6.05 «Жәдігер»
6.25 «Көңіл толқыны»
7.05 «Másele». Әлеуметтік-сараптамалық бағдарлама.
7.35 «Астана күзі ызғарлы». Телехикая.
9.05 «Түркістан – достық мекені». Мерекелік жоба
10.00 «Гүлдер құпиясы». Телехикая.
12.00 «Достығымыз жарасқан». Концерт
13.50 Дисней ұсынады. «ТАРЗАН». Мультфильм (АҚШ, 1999 ж.)
15.15 «Бірлігіміз жарасқан». Деректі фильм
16.00 «Арта». Сараптамалық бағдарлама
16.50 «Әнім сен едің...». Ш.Қалдаяқовтың әндері
18.00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ». Телехикая.
20.00 «МузАрт» ансамблінің концерті
22.25 «ЖАТ МЕКЕН». Телехикая. (с субтитрами)
23.20 «Көңіл толқыны»
0.20 «Бірлігіміз жарасқан». Деректі фильм
1.05 «Másele». Әлеуметтік-сараптамалық бағдарлама
1.45 «Би мен болмыс»
2.20 «Жәдігер»
2.40 Өнұран

ХАБАР

5.00 ҚР Өнұраны
5.00 Мегахит. «Принц»
7.00 Тікелей эфирде
«Таңғы хабар»
10.00 Кино. «5 причин не влюбиться в казаха»
12.00 «Өмір жолы». Күләш Байсейітова
12.30 Телехикая. «Алпыстан асып барамын»
13.00 Телехикая. «Бөлелер»
15.00 «Бүгін». Тікелей эфир
16.00 Кино. «Брат или Брак»
18.00 Мегахит. «Всегда верен»
20.00 Концерт
21.35 Телехикая. «Ана жүрегі»
22.30 Телехикая. «Құсайыновтар. Өмір жолы»
0.00 Әсем әуен
1.00 ҚР Өнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 Ризамын
07.30 Информбюро (повтор)
08.30 «31 әзіл»
09.00 Мультсериал «Маша и медведь»
10.00 Анимационный фильм «Принцесса-лебедь» (повтор)
12.00 КИНО. Митхун Чакраборти в мелодраме «Танцуй, танцуй»
15.30 КИНО. «Питер Пэн»
15.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Чемпионаты. «Қызыл-Жар СК» – «Тараз». Тікелей эфир

- 17.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Чемпионаты. «Ордабасы» – «Астана». Тікелей эфир
19.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Чемпионаты. «Қайрат» – «Атырау». Тікелей эфир
22.00 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
22.30 MMA «OCTAGON 23»
2.40 «Ұлт күресінің ертеңі». Арнайы репортаж
2.55 Әнұран

balapan BALAPAN

- 7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Сәби»
8.10 «Қазына іздеушілер» Мультхикая.
8.35 Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
9.00 Анимация. Отандық / «Жібек»
9.45 «Хайди» Мультхикая.
10.35 Анимация. Отандық / «Тоқты мен Серке»
10.50 «Қос алқа» музыкалық бағдарламасы
11.00 «Горм сақшылары» Мультхикая.
11.30 «Маймылдар мекені» Мультхикая.
12.15 «Зак дауыл» Мультхикая.
12.45 Анимация. Отандық / «Менің елім»
12.55 Анимация. Отандық / «Қаһарман»
13.30 Анимация. Отандық / «Сақалар»
14.35 «Балапан жұлдыз» музыкалық бағдарламасы
15.25 Комикс. Отандық / «Ержүрек сақшылар»
16.05 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
16.30 «Қазына іздеушілер» Мультхикая.
16.55 Анимация. Отандық / «Қобыланды батыр»
17.20 «Түрлі текшелер» Мультхикая.
17.40 «Смайтиктер» Мультхикая.
18.05 «Хайди» Мультхикая.
18.55 «Қос алқа» музыкалық бағдарламасы
19.10 Анимация. Отандық / «Алпамыс»
19.35 «Аполлонның ерлігі» Мультхикая.
20.00 Анимация. Отандық / «Жібек»
20.45 Анимация. Отандық / «Тоқты мен Серке»
20.55 Анимация. Отандық / «Менің елім»
21.05 Анимация. Отандық / «Балалар ізі»
21.25 «Зак дауыл» Мультхикая.

- 21.55 «Горм сақшылары» Мультхикая.
22.10 «Сиқырлы бөлме» кешкі ертегі.
22.25 «Мумилер өлкесі» Мультхикая.
22.50 Анимация. Отандық / «Сәби»
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран

TALIMTV TALIMTV

- 07.05 Семейный доктор
07.40 Тәлім History
08.10 Өнер қырандары
09.00 Қазақ спортының классикасы
09.40 Әжемнің әңгімесі
10.00 Ем болсын
10.10 Жүйріктер
10.30 «Саморазвитие» – Маржан коуч
10.50 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе» – Қайталау
12.00 Ем болсын
12.20 Ой-талқы
13.10 Ем болсын
13.20 «Қышқыл – Мысқыл»
13.40 Проза параграфы
14.10 Емен жарқын
14.50 Ем болсын
15.00 «Сырласайық» (Архив) – Қайталау
16.00 «7 келін-5» – телехикая
17.10 Тамашаліке
17.40 «Балалар сөзі – өсиет» – Терме
18.00 Talim Speakers
18.30 «Сағыныш – Әке» – көркем фильм
19.00 Руханият
19.40 Саммари 100 кітап
19.50 Ұлт саулығы
20.00 Идея
21.10 «7 келін-6» – телехикая
22.00 Тесаодағы тіршілік – 1, 2 бөлім
23.30 Рухани байлық



АСТАНА

- 06.00 «Белгісіз жан» түрік телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» М/ф
09.00 «Қарындасым, қарлығашым» үнді телехикаясы
11.20 «Ұлым» түрік телехикаясы
12.20 «Казбат» Сериал
16.50 «Шымкент шоу»
20.00 «Астана кеші көңілді»
21.00 «Қара ниет» түрік телехикаясы
21.55 «Қарындасым, қарлығашым» үнді телехикаясы
23.40 «Томирис» х/ф
02.10 «Жас қарындар»



«Тайны. Судьбы. Имена». Бауыржан Момышұлы. «Хабар» арнасы.

ЖЕКСЕНБІ
8 МАМЫР

Almaty™ АЛМАТЫ

6.00 Әсем әуен
7.00 Концерт
8.30 Детский кино клуб
9.30 Детский кино клуб
11.00 Отандық кино. Т/с.
«Орбұлақ шайқасы»
3-4 серии
13.00 Д/ф. Т. Бигелдинов.
«Подняться в воздух»
14.00 Док.фильм
«С.Нурмагамбетов.
Долг. Честь. Отвага»
15.00 Женский кино клуб
19.00 Концерт
20.45 Телехикая.
«Гюмюш»
82 серия
22.00 Телехикая. «Махаббат,
қызық мол жылдар»
21 серия
23.00 Мужское кино. Х/ф.
«Лабиринт Фавна»
(+16)
1.20 Алматинские истории
1.45 Алматинские каникулы
2.15 Алматы тұнған тарих
2.35 Алматы кеші
3.20 Концерт
4.40 Алматы кеші
5.55 Әнұран

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Әнұран
6.05 «Жәдігер»
6.25 AQPAPAT
6.45 «Күміс көмей». Ұлттық-
музыкалық танымдық
бағдарлама
7.25 «Talrup»
8.00 «AQSAҮҮТ»
8.20 «Көңіл толқыны»
8.50 «Ұлы дала ұлағаты».
Деректі фильм
9.15 «Қанатты барыс туралы
аңыз». Мультфильм
(Қазақстан, 2012 ж.)
10.00 «Гүлдер құпиясы».
Телехикая.
11.50 «Qazaqstan дауысы.
Балалар»
13.40 Дисней
ұсынады. «Геркулес».
Мультфильм (АҚШ,
1997 ж.)
15.15 «Қазбат». Көркем
фильм. («Qazaqstan»
Ұлттық телеарнасы,
2019 ж.)
17.25 «КҮЙ-КЕРУЕН»
18.00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ».
Телехикая.
20.00 «АРТА». Сараптамалық
бағдарлама.
Тікелей эфир
20.50 «Тұлға».
Деректі фильм
21.20 «Жігіттер» тобының
концерті
22.20 «ЖАТ МЕКЕН».
Телехикая.
(с субтитрами)
23.20 «Мәншүк туралы
дастан». Көркем фильм
(«Қазақфильм»,
1969 ж.)
0.35 «Арта». Сараптамалық
бағдарлама.
1.25 «Ақиқат пен аңыз».
Концерт-спектакль
(2021ж.)
2.45 «Ұлы дала ұлағаты».
Деректі фильм
3.15 «Aqsaуut»
3.35 Әнұран

ХАБАР

5.00 ҚР Әнұраны
5.00 Кино. «В бой идут одни
старики»
7.00 Телехикая марафоны.
«Көршілер»
8.45 «Самопознание»
9.00 Кино. «Композитор»
10.45 Телесериал. «Бауыржан
Момышұлы»
12.45 Телехикая.
«Дала қырандары»

15.15 «Мәншүк Мәметова»
деректі фильмі
16.00 Кино.
«28 панфиловцев»
18.00 Мегахит.
«Эффект колибри»
20.00 «Жауынгерлік жүректе»
концерті
21.00 Информационный
канал – аналитическая
программа «7 күн»
22.00 «Елім деп соққан
жүректер» концерті
0.00 Тарих. Тағдыр. Тұлға.
Нұркен Әбдіров
1.00 ҚР Әнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 Тамаша live
07.30 «Күліп ALL»
(қайталау)
09.00 TeleBingo.
Прямой эфир
09.25 Готовим с Адель
10.00 Ералаш
10.35 Анимационный фильм
«Сезон охоты 3»
(повтор)
12.15 КИНО. Нурлан
Коянбаев в комедии
«Бизнес по-казахски в
Корее» (повтор)
14.20 КИНО. Сами Насери в
комедийном боевике
«Такси 4»
(повтор)
16.20 КИНО. Франк
Гастамбид в
комедийном боевике
«Такси 5»
(повтор)
18.30 КИНО. Джеки Чан,
Арнольд Шварценеггер
в фэнтези «Тайна
печати дракона»
21.00 «Bizdin show»
23.00 КИНО. Жан-Клод
Ван Дамм в боевике
«Универсальный
солдат»
(повтор)
01.10 Тамаша live
(қайталау)
02.00 Әзіл студия
03.00 Әзілдер күнделігі
04.00 What's up?
05.00 Ризамын

ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР»
бағдарламасы
7.30 «П@УТИНА»
бағдарламасы
8.15 «ВОСКРЕСНЫЕ
БЕСЕДЫ»
8.30 Валерий Рыжаков,
Александр Панкратов-
Чёрный, Евгений
Миронов в фильме
«ПЕРЕД РАССВЕТОМ»
9.45 Фильм «СЕМЬ ПАР
НЕЧИСТЫХ»
11.25 Алексей Гуськов в
фильме «НЕ ПОКИДАЙ
МЕНЯ»
15.00 Премьера.
Екатерина Климова,
Евгений Воловенко,
Александр
Панкратов-Чёрный
в многосерийном
фильме «ПО ЗАКОНАМ
ВОЕННОГО ВРЕМЕНИ».
Новые серии
18.55 «ДОБРЫЙ ВЕЧЕР,
КАЗАХСТАН!»
20.00 «ГРАНИ».
Прямой эфир
21.00 Премьера.
Аристарх Ливанов
в многосерийном
фильме «ДЕД
МОРОЗОВ»
1.00 «ЧТО? ГДЕ? КОГДА?».
Весенняя серия игр
2.05 «П@УТИНА»
бағдарламасы

2.50 «ТОЙ БАЗАР»
бағдарламасы
4.20 «ТАМАША СІТУ»
бағдарламасы
До 5.15



7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.30 Т/п «Гу-гулет»
07.00 Т/х «Япырай»
07.30 Т/п «Құтты қонақ»
08.00 Jaidarman
09.00 Шоу «Маска»
11.30 Т/с «Московские
тайны»
13.30 Х/ф «Личный интерес»
15.30 Салем, Қазақстан!
17.00 Т/х «Ата-ана.
Бала-шаға»
18.40 Т/х «Өмір»
21.00 Х/с «Снег и пепел»
01.00 Х/ф «Ангрейд»
03.00 Jaidarman
04.00 Скетчком «Q-елі»
05.10 Т/п «Қуырдақ»



КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ»
07.30 «ӨНЕРДЕ 40 ЖЫЛ»
09.30 «ЮМОРИНА»
11.50 «ЗАДАНИЯ ОСОБОЙ
ВАЖНОСТИ.
ОПЕРАЦИЯ «ТАЙФУН»,
драма (повтор)
15.30 «ЖАРҒА ЛАЙЫҚ, ЖАН
СӘУЛЕМ», көркем
фильм
17.20 «ЭНДЕР МЕН
ЖЫЛДАР»,
Құдайберген Бекіштің
ән-шашуы
20.00 «AQ МАМА», реалити-
шоу. Тұсаукесер!
21.00 «НЕОТПРАВЛЕННОЕ
ПИСЬМО», мелодрама
(1–4 серии). В ролях:
Настя Задорожная,
Андрей Чадов, Кирилл
Кузнецов.
Премьера!
00.50 «САМЫЙ ЛУЧШИЙ
МУЖ», мелодрама
(повтор)
02.20 «ЖАРҒА ЛАЙЫҚ,
ЖАН СӘУЛЕМ»,
көркем фильм
(қайталау)
03.40-
04.20 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ»
(қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

7.00 Әнұран
7.05 Арнайы репортаж
7.20 ФУТЗАЛ. Еуропа
Чемпионаты. Словакия
– Хорватия
9.05 «СЕРГЕКТІК СЫРЫ».
34-бағдарлама
9.20 «Ұлт күресінің ертеңі».
Арнайы репортаж
9.40 «СӘЙГҮЛІК СЫНЫ».
6-шығарылым
10.00 ТЕННИС. Challenger 80.
Тікелей эфир
12.00 ТЕННИС. Challenger 80.
Тікелей эфир
14.00 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа
мен Конференция
Лигасының шолуы
14.55 «YELEU CUP»
Халықаралық футбол
турнирі.
Финал.
Тікелей эфир
16.35 Арнайы репортаж
16.55 ФУТБОЛ.
OLIMPBET-Қазақстан
Чемпионаты. «Каспий»
– «Ақтөбе».
Тікелей эфир
18.55 ФУТБОЛ.
OLIMPBET-Қазақстан
Чемпионаты.
«Туран» – «Шахтер».
Тікелей эфир

21.00 ФУТБОЛ. «Тур по туру».
Прямой эфир
21.40 Мадина
Бақбергеновамен
сұхбат
22.05 КӘСІПҚОЙ БОКС.
Тайсон Фьюри –
Диллиан Уайт
ФУТБОЛ. УЕФА
Чемпиондар
Лигасының журналы
2.10 Әнұран

BALAPAN BALAPAN

7.00 Қазақстан
Республикасының
Мемлекеттік Әнұраны
7.05 Анимация. Отандық /
«Сәби»
8.10 «Қазына іздеушілер»
Мультхикая.
8.35 Анимация. Отандық /
«Көңілді көкөністер»
9.00 Анимация. Отандық /
«Жібек»
9.45 «Хайди»
Мультхикая.
10.35 Анимация. Отандық /
«Әсем әуен»
10.50 «Қос алқа» музыкалық
бағдарламасы
11.00 «Горм сақшылары»
Мультхикая.
11.30 «Маймылдар мекені»
Мультхикая.
12.15 «Зак дауыл»
Мультхикая.
12.45 Анимация. Отандық /
«Қобыланды батыр»
13.30 Анимация. Отандық /
«Еркетай»
13.50 «Расулдың хикаялары»
ситкомы
14.15 «Байқа, балақай!»
танымдық жобасы
14.25 «Балапан жұлдыз»
музыкалық
бағдарламасы
14.45 Анимация. Отандық /
«Менің елім»
14.55 Анимация. Отандық /
«Ғарышкер бала Жігер»
15.25 Анимация. Отандық /
«Жасұлан»
15.45 Анимация. Отандық /
«Қаһарман»
16.05 «Қырық төрт мысық»
Мультхикая.
16.30 «Қазына іздеушілер»
Мультхикая.
16.55 Анимация. Отандық /
«Әсем әуен»
17.10 «Қос алқа» музыкалық
бағдарламасы
17.20 «Түрлі текшелер»
Мультхикая.
17.40 «Смайтиктер»
Мультхикая.
18.05 «Хайди»
Мультхикая.
18.55 Анимация. Отандық /
«Батыл ұшқыштар»
19.35 «Аполлонның ерлігі»
Мультхикая.
20.00 Анимация. Отандық /
«Көңілді көкөністер»
20.25 Анимация. Отандық /
«Жібек»
21.10 Анимация. Отандық /
«Еркетай»

21.25 «Зак дауыл»
Мультхикая.
21.55 «Горм сақшылары»
Мультхикая.
22.10 «Сиқырлы бөлме»
кешкі ертегі.
22.25 «Мумилер өлкесі»
Мультхикая.
22.50 Анимация. Отандық /
«Сәби»
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

TALIM TV TALIMTV

07.05 Балалық шаққа саяхат
07.40 Ғибратты ғұмырлар
08.10 Ой-талқы
09.00 Қазақы әңгіме
09.40 Айтыстар.
Алтын қор
10.00 Ем болсын
10.10 «Баланы бала деменіз»
– Балалар уақыты
10.30 По душам
10.50 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе
(Архив)» –
Қайталау
12.00 Ем болсын
12.20 Рухани байлық
13.10 Ем болсын
13.20 Тәлім trend
(Қазақстан) –
Ән өнері
14.10 Тәлім History
14.50 Ем болсын
15.00 «Сырласайық»
(Архив) –
Қайталау
16.00 «7 келін-6» –
телехикая
17.10 Менің анам әкем
18.00 Өнер қырандары
19.00 Тәтті time –
Рамазан
19.50 Ұлт саулығы
20.00 «Бір дубль»
21.10 «7 келін-7» –
телехикая
22.00 Talim Speakers
22.30 Латын
23.00 Абайдың жолы
23.30 Orkeni style

АСТАНА

06.00 «Белгісіз жан»
түрік телехикаясы
07.00 «Маша и медведь»
М/ф
09.00 «Қарындасым,
қарлығашым»
үнді телехикаясы
11.20 «Ұлым» түрік
телехикаясы
12.20 «Казбат»
Сериал
16.50 «Алдараспан»
19.00 «Бизнес по-казахски
в Америке» х/ф
21.00 «Қара ниет»
түрік телехикаясы
21.55 «Қарындасым,
қарлығашым»
үнді телехикаясы
23.40 «Кенже»
х/ф
01.30 «Жас қарындар»





МҮФТИЯТ

Төлеби Дадихұлы ОСПАН,
Алматы қаласының
бас имамы:

РАМАЗАН – ҚҰРАН АЙЫ



Рамазан – Құран мен қайырымдылық айы. Ибн Аббас (р.а.): «Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) адамдардың ең жомарты еді. Рамазанда Жәбірейіл періштемен кездескенде ерекше жомарт болатын. Рамазанның әр кешінде Жәбірейілмен кездесіп, Құран оқитын. Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жомарттықта ескен самалдан да қолы ашық сахи болатын». Имам Ибн Ражаб (р.а.): Бұл хадис рамазанда Құранды үйрену және үйрену мақсатында жиналудың мұстахаб екенін көрсетеді. Әрі Құранды жетік меңгерген адамға өзінің қалай оқитынын тексеруді де білдіреді. Сонымен қатар, рамазан айында Құранды барынша көбірек тилуат етудің жақсы амал екені айтылуда, – дейді.

САУАПТЫ ІС

#РАМАЗАН2022

ОРАЗА АЙТ– ҰЛЫҚ МЕРЕКЕ

Күллі мұсылман қауым үшін мың айдан да қайырлы болған қасиетті Рамазан айының аяқталуына санаулы күндер қалды. Мамырдың 2-сі күні ұлық мереке – Ораза айт басталады.

Ораза айт бір ай бойына шын ниетімен ораза ұстаған, әр күнін жақсылық жасаумен өткізген пенденің құрметке, марапатқа ие болатын шағы. Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы 2022 жылғы діни күндер күнтізбесін бекітуі бойынша Арапа – 8 шілде, Құрбан айт 9-11 шілде аралығына түсіп тұр. Ашура күні 8 тамызға тура келеді, Мәуліт (Мұхаммед пайғамбардың туған күні) 7 қазаннан 8 қазанға қараған түні болады.

Ораза айт қалай тойланады?

Ораза айт күндері әрбір мұсылманның шаңырағында бауырсақ пісіріліп, ет асылып, мерекелік мол дастархан жайылады. Туған-туысқандар, көрші-қолаң бір-біріне қонаққа барып, Айт мерекесімен құттықтайды, сыйлық береді. Дәстүр бойынша бұл күні мұсылмандар бір-біріне «Ораза айт қабыл болсын» деп жылы лебіздерін білдіреді. Араздасып

қалған ағайын-туыс, жора-жолдас бір-бірінен кешірім сұрап, өкпе-назын ұмытады. Сонымен қатар, Ораза айт мерекесінде тұрмысы төмен отбасыларға, жетім-жесірлерге қолұшын созған абзал.

Бауырмалдыққа баулитын сәт

Айт мейрамында ата-аналарымыздың, науқастардың, туған-туыстардың хал-жағдайын сұрап бару – үлкен сауап іс. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.): «Ата-ана разы болмай, Алла Тағала разы болмайды», – деген. Олай болса, айт күндері ата-анаға қошемет көрсетіп, разылығын алу қажет-ақ. Ал бақилық болғандарға Құран оқылып, сауабы бағышталады. Айт күндері бала-шағаға сыйлық, жаңа киім-кешек сыйлау, көрікті орындарды аралатып қыдырту жақсы амал. Сол арқылы бала мұсылманшылыққа тәрбиеленеді.



ОРАЗА ҮСТІНДЕГІ ОЙ

Жақсы ой болмаса, жақсы сөз қайдан шықсын!



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

«Әр істің қайыры бар» деген. Пандемия белең алған жылдары барлық қоғамдық тамақтану орындары, мейрамханалар жабылып қалып, кәсіпкерлердің бизнесі тұралап қалған еді. Қазір керісінше, Рамазан айының оразасы басталғалы бері қаладағы қоғамдық тамақтану орындарының бәрінде дәл ауызашар уақытында бос орын жоқ.

Өткен сенбіде сіңілім екеуміз базарға бардық. Әншейінде, түске жақын қалғанда «тамақ ішіп алайық...» деп тақ ете түсетін мен бұл жолы үндемедім. Себебі, екеуміздің де аузымыз берік, ораза ұстағанбыз. Содан не керек, базарды әбден араладық. Сағатқа қарасақ... уақыт 18.00-ға жақын қалған екен. Елдің бәрі үйіне жиналған қарбалас сәт. Әне-міне дегенше, ауызашар уақыты болады. Жолда ауыз ашқанша, отбасымызбен бір кафедең тамақ ішейік деп шештік. Үйге хабарласып едік, жұбайларымыз да, бала-шағамыз да соны қалап отырғандай келісе кетті. Біз кафелерге хабарласа бастадық. Сенесіз бе, сол күні шамамен 30–40-қа жуық тамақтану орындарына телефон соқтық. Алматыдағы қалта көтереді-ау, бағасы қолжетімді-ау деген кафеде, не мейрамханада орын болмады. «Алдын ала тапсырыс беріп қойған, бос орын жоқ». Құдды бір ақылдасып алғандай барлығының айтатын сөзі осы. Амалымыз болмаған соң үйге қайттық...

Жолда кетіп бара жатып «Егер көпшілік ауызашарды қаладағы тамақтану орындарында өткізетін болса, онда бұл біздің қала халқының жағдайы жақсы екенін көрсетеді» деп ойладым. Халқымыз не нәрсені болса да жақсылыққа жорып, болашаққа үлкен үміт артып отырады емес пе? Анам да көзі тірісінде «жақсы ойла, жақсы ой болмаса жақсы сөз қайдан шығады!» деп отырушы еді. Сол сөзі есіме түсіп, бұл жағдайды мен де жақсылыққа баладым.

Міне, көзді ашып-жұмғанша ораза да аяқталып қалды. Қасиетті Рамазан айында жасаған игі істеріңіз сауаптан жазылып, Алла Тағала елімізге, жерімізге берекесін, мол ризығын жаудырсын! Оразаларыңыз қабыл болсын!

«Қолұшын беруге асығып тұрамыз»

Қайырымдылық жасап, көмек көрсету біздің қанымызда бар қасиет. Содан да болар, қоғамдағы болып жатқан кез келген жағдайға бей-жай қарай алмаймыз. Ең болмағанда, жылы сөзбен демеп, сөз көмек беріп жатқанымыз.



Рая
ЕСКЕНДІР

Соңғы жылдары елімізде болып жатқан түрлі жағдайлар жастарымыздың бойындағы жақсы қасиеттерді еселей түскендей. Қазір ерікті жастардан құралған топтарды қайырымдылық іс шаралардан жиі көруге болады. Осындай жастардың басын біріктіріп, көмекке мұқтаж жандарға қолұшын беріп жүрген «QAZDOBROKZ» қайырымдылық тобының жасап жатқан жұмысына көпшілік дән риза. Біз ерікті жастардың басын біріктіріп, оларға бағыт беріп жүрген топтың жетекшісі Самал Смагроваға хабарласып, еріктілер тобының жұмысы туралы айтып беруін өтінген едік.

– Кезінде түрлі қиындықтарға душар болған адамдарды көрген сайын, оларға көмектесіп, қолұшымды бергім келіп тұратын. Кейде жандарына барып, олардың тауқыметін бөліскім келсе де, ренжіп қалса қайтсем деген оймен, жүрегім дауаламайтын. Бірақ көмекке мұқтаж жандар туралы күнделікті ақпараттардан оқып-білген сайын, айналамыздағы адамдарға көмектесу керек екендігін ұғындым. Ақыры, тәуекелге бел буып, Тимур деген досым екеуміз қыз-жігіттерді ұйымдастырып, алғаш рет балалар үйін бетке алдық. Қонақ екенімізді байқаған балақайлар алдымен тосылып, сосын бізге тез-ақ бауыр басып



кетті. Олармен бірге қосыла ойнап, ән айттық, көңілдерін көтердік. Апарған тәттілеріміз бен ойыншықтарымызды үлестіріп, бүлдіршіндерді қуантып қайтқан едік. Сол жолы көген көз балақайлардың жанарындағы мұңды біржолға сылып тастамасақ та, азғана қуаныш сыйлағанымызды түсіндік.

Осыдан соң Балалар үйіне аптасына бір, кейде тіпті екі рет барып тұруды әдетке айналдырдық. Балақайлар да бізді күтіп отыратын болды. Адамдарға қуаныш сыйлаудың өзі үлкен бір бақыт екенін ұғындық. Бұдан соң бізде ерекше сенім пайда



болып, адамдарға көмектескіміз келіп тұратын болды. Бізде сенім ғана емес, жауапкершілік пайда болды. Көп ұзамай бізге отын, көмір сұраған отбасылар хабарласа бастады. Ол кісілерге де көмектесіп, қолұшын бердік. Қиындыққа тап болған отбасылар бізге хабарласып, көмек сұрайды. Дәл қазіргі кезде біздің нақты тізімімізде 110 көмекке зәру отбасы бар. Осынау төрт жылдан астам уақыт ішінде көптеген игі іске мұрындық болыппыз. Талай кісілерден бата алдық.

Өзімізге жауапкершілік алған соң бел иеше кірісіп жатқан жайымыз бар. «QAZDOBROKZ» деп аталатын қайырымдылық тобымыздың арнайы есеп шоты бар. Топтың чатына күнделікті түскен ақшаның есебін беріп отырамыз.

Күнделікті түскен қаражаттың бір

теңгесіне дейін қайда, не үшін жұмсалғаны туралы біліп отырамыз. Түскен қаражат есебінен ай сайын тізімдегі 20 мұқтаж отбасына азық-түлік жеткізіп береміз.

Карантиннен бұрын футбол өткізетін едік. Оған 15–20 команда қатысады. Олардан түскен қаржыны науқас балалардың ем-домы үшін деп көмек сұраған отбасына жеткізіп беретінбіз. Қазір біздің қайырымдылық тобымызда 400 ерікті бар. Ешкім айлық алмайды. Осы жолы он шақты еріктіні Алыс хатпен марапаттадық. Біз тек Алланың рақымы үшін қызмет етеміз. Жексенбі күні ауызашар жасадық. Жиналған жамағат Нұрлан имамның уағызын тыңдады. Бұл жолы да 20 отбасына азық-түлік себетін тараттық, – дейді қайырымдылық тобының жетекшісі Самал Әбсаттарқызы.



БІЗДІҢ ҚАЛАНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫ

Жуырда Роза Бағланованың 100 жылдығына орай Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясы ғимаратының алдында бұлбұл әншіміздің еңселі ескерткіші бой көтерді. Сол күні түс ауа Республика сарайында мерекелік үлкен концерт өтті.

ӘДЕМІ ӘЖЕ

Аман жүріңіз, жақсы апа!

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Біз де сол концерттен табылдық. Көзден кетсе де, көңілдерден кетпеген әншіге деген халықтың ықыласында шек болмады. Кезінде Роза Тәжібайқызы шырқаған әндерді орындаған әншілерді концерт біткен кезде де көрермен біразға дейін қол шапалақтап жібермей тұрып алды.

Сыртқа шықтық. Республика сарайының алдынан 65-ші автобуска отырдым. Көп адам отырды. Көбісі концерттен шыққан үлкен кісілер.

Автобус жүргізушісі:

– Республика сарайында не болды екен? Кісі қарасы көп екен, бір мықтының концерті өткен болар, ә? – деп еді, алдыңғы жақта тұрған ерлі-зайыпты:

– Мықты болғанда қандай! Роза Бағланованың концертінен шықтық. Керемет өтті. Әдемі әсерден әлі де арыла алмай тұрмыз, – деді.

Басында қазақша тартып алған орамалы бар, үстіне әдемі ұзын қамзол киген бір апа олардың сөзін қостай кетті.

– Бүгін «қайда бара жатырсыз, әже?» деп, жібергісі келмей шалғайыма жабысқан немерелерімді әке-шешесіне қалдырып, арнайы осы концертке келдім. Роза апамның көзін көріп, үйінен талай дәм татып едім. «Аппақ тәтем» деп арнаған өлеңім де бар. Бағана ескерткіші де ашылыпты. Концерттен шығып, міне, сол жаққа арнайылап келе жатырмын. Жүргізуші бала, мені сол маңға тастап кетерсің, – деді жүзі жарқын апа даусын қаттырақ шығарып. Бәріміз бұрылып қарадық. Әңгімесі де, өзі де тартымды апа сөйлей түссе екен, жол қысқарсын дегендей, алға ұмсынып қоямыз.

– Жаңа Абай ескерткішінің жанына таяй бергенде, шашын екі бұрым етіп өріп алып, оған шолпы таққан бір қызды көріп тамсанғаным-ай! Өзі сондай көркем! Абайдың бойындағы Ұлттық кітапханада жұмыс істеймін деді. Ерінбей жанына таяп барып, ри-



зашылығымды білдіріп, үйден алып шыққан «Ақ сезім» деген ән жинағымды сыйлап кеттім. Өзімнің шашыма таққан шолпымды да мақтанып көрсеттім, шешемнің көзі, – деп күлді әңгімешіл апа риясыз көңілімен.

– Қазір шолпы тағатын қыздар бар ма екен өзі? – деді бір жолаушы әңгімеге қосылып.

– Бар болғаны ғой, өзім куә болдым, әне. Өкінішке орай, қазіргі қыздар шашын жайып тастап жүреді. Онысы осындай қоғамдық көліктерге отырғанда аузы-мұрнына кіріп мазанды алады. Тым болмаса көпшілік, тар жерге кіргенде буып қойса дейсің. Бұрым деген – арудың көркі ғой, шіркін! – деді бейтаныс апа.

Айналасына шуақ шашқан қазақы апаның болмысына риза болып кеттім, жүргізуші бағдаршам жанып тұрғанына қарамастан ол кісіні келе жатқан бағытына жол сілтеп, жол ортасынан түсіріп кетті.

– Әне, оңға қарай бұрылып, сәл көтерілсеңіз, филармонияның алдынан

шыға келесіз, – деді сосын. Бейтаныс апаның ізін ала мен де түстім. Мен де әншінің ескерткішін көргім келген.

Екеуіміз жол бойы әңгімелесіп бардық. Роза Бағланованы қадір тұтқан апа – белгілі ақын, Қазақстан Журналистер одағы мен Халықаралық жазушылар одағының мүшесі Бекемкүл Батырбекқызы екен. Ұзақ жылдан бері Алматыда тұрады. «Ана даңқы» орденімен марапатталған көпбалалы ана. Зейнеткерлікке шыққанға дейін шығармашылықпен айналысыпты. Өу баста ғалым болуды армандаған, бірақ бала тәрбиесімен айналысып, ол салаға мойын бұра алмай қалған көрінеді. Бірақ еш өкінбейді. Сонда да болса біраз мамандықты меңгеріп үлгерген. Газет-журнал, баспаларда жұмыс істеген. Балалар мектебінде ұстаздық та еткен. Өлең жазады, ән салады. Суретшілігі де бар. Қобызда да ойнаған. «Қазығұрт қызғалдағы», «Ақ сезім», «Өмір өрнектері», «Нұр шапағат», «Жүрек жылуы» атты жыр жинақтары жарыққа шыққан. 1995 жылы Түркияның Анкара қаласында өткен бүкіл әлем құрылтайында «Түркия-Қазақстан» деген әні (эстрада жұлдызы М.Омаров орындайтын) бас жүлдеге ие болған. Отандық әнсүйер қауым арасында әуенін Кеңес Дүйсеев жазған «Егемен елім-ай» әні де кеңінен таралған. 2005 жылы Шымкентте өткен «Арай» атты ән бәйгесінде «Айша бибі» туындысы Гран-при иеленіпті. Астанаға арнаған бірнеше өлеңі бар.

Роза Бағланованың еңселі ескерткішінің жанына келіп, қойылған гүл шоқтарының ленталарын түзеп жатып:

– Аппақ тәтем-ай, қандай керемет жан едіңіз! Осы іргелі ғимараттың бой көтеруіне де өзіңіз мұрындық болып едіңіз-ау! – деп тебірене еске алды. Осы сәтін біз суретке түсіріп алдық.

Қоштасар сәтте:

– Бекемкүл апа, әлгінде автобуста шолпы таққан қыз және шешемнің көзі деп өзіңіздің де шолпыңыз туралы айтып қалған едіңіз, көруге бола ма? Бұрынғының шолпысы қандай болды екен деген әйелдік әуестігім басым болып тұрғаны, – деп ұяла күлдім.

– Міне, міне, көре ғой, – деп, орамалының астындағы өрліген шашын алдыға қарай шығара қойып еді, шолпы жоқ болып шықты. «Қап! Әлгінде көпшіліктің арасында түсіріп алдым-ау! Шашым да жұқа болатын, ескермеппін», – деді. Арада сәл үнсіздік орнады. «Шешемнің көзі еді!» – дей берді сосын.

– Мейлі, қайтем енді, түссе түсіп қалған шығар. Әйтеуір бөтеннің емес, бір қазақтың шашында жүреді ғой, – деді жымып. Жүзіндегі бір сәттік өкінішін қазаққа деген асқақ сүйіспеншілігі басып тұрды.

Аман жүріңіз, жақсы апа!

БАЛА – БОЛАШАҚ

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА КЕШІРІМ ЖОҚ



Балаларға зорлық көрсететіндерге қарсы жаза күшейді. Енді олар кешірім мен мерзімінен бұрын босату құқығынсыз жазасын өтейді.

Кәмелетке толмағандарға жыныстық зорлық-зомбылық жасаған қылмысын жасырған адам 6 жылға дейін бас бостандығынан айырылады. Бұл жөнінде ПМ Әкімшілік полиция комитетінің өкілі Жасұлан Жұманалин мәлімдеді.

Оның айтуынша, кәмелетке толмағандардың құқығы бұзылса, дереу құқық қорғау органдарына хабарласу міндеті педагогтарға да жүктеледі. «Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, балаларға қатысты жыныстық сипаттағы қылмыс үшін жауапкершілік күшейтілді. Зорлық-зомбылық әрекеті сияқты қылмыс түрлері ауыр қылмыс санатына ауыстырылды. Осылайша тараптардың татуласу мүмкіндігі алынып тасталды. Педофилдер енді кешірім мен мерзімінен бұрын босату құқығынсыз жазасын өтейді», – деді Жасұлан Жұманалин.

СПАНЧ БОБ ҚАЗАҚША СӨЙЛЕЙДІ

Американдық «Nickelodeon» балалар телеарнасы «Спанч Боб квадратные штаны» мультфильмінің қазақ тілді нұсқасының көрсетілімін бастады.



Талапка сай келісім-шарт өткен жылы жасалған. Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ өндірістік қызмет басшысының айтуынша, бүгінгі таңда отандық актерлер мен дикторлар 11 мультфильмнің аудармасын жасауда, олар: «Чупи мен Дуду», «Робокор Поли», «Монстры», «Лиза мен Тема» және басқалар. Сондай-ақ, кинокомпанияда «Спанч Бобтың» 265 сериясы аударылып, дыбысталғанын атап өтті.

Мультфильмнің аудармасы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру және балалар контентін мемлекеттік тілде дамыту шеңберінде іске асырылған. «Nickelodeon» бағдарламалары 70 елде 22 тілде таратылады.

АПАЙДЫҢ ДОСТАРЫ

Күйеуі жаңадан үйленген келіншегінің телефонын кездейсоқ қолға түсіріп, ватсабындағы «Менің жігіттерім» деген чатты көре салып, көрші бөлмеден айқай салып жатыр.



– Ай, Алмасик дегенің кім?
– А-а, ол сондай сүйкімді!
– Ой, әкең!.. Дәулетің ше?
– Дәулет те сондай тәтті-і!
– Абылай да тәтті ме? – деген күйеуінің даусы енді жарықшақтана шықты. Ашуға булығы бастады.
– О-ой, жаным, мұның бәрі 4 «б» сыныбының «жігіттері» ғой! – деді келіншегі езу тартып.
Сөйтсе, келіншегі 4 «б» сыныбының жетекшісі екен.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ӨЗ СӨЗІМ – ӨЗІМДІКІ

Бекжан ТҮРЫС, актер:

ЕСЕПТЕН ДЕ, ӨСЕКТЕН ДЕ БИІК БОЛАЙЫҚ

Ұсақ әңгіме мен арзан сөзге жақын болмайықшы...

– Аға, 80-нен асқан ағамыздың тағы үйленіп жатқанына қалай қарайсыз?

– Әй, айналайын, содан басқа әңгіме жоқ па? Өсек пен төсектің айналасынан неге аса алмай қалдыңдар, жоқ әлде талқылайтын тақырып табылмады ма? – деп сапарласымның сөзінің соңына жеткізбей шарт кеттім де, жайлап сабама түстім.

– Бір жағынан, сендерде кінә жоқ шығар. Көретіндерің – әншілердің қызылды-жасылды өмірі. Телеарналарда да – соларға арналған бағдарламалар, солар жүргізетін – жеңіл-желпі бірденелер, елді ойландырып, жұртты толғандыратын, ұлтты рухтандыратын дүниелер дінкелеп тұр ғой қазір. Ал шындап келгенде, біз ойлануға тиіс мәселе толып жатқан жоқ па!? Сапарласым үнсіз. Сөзімді жалғап кеттім:

– Байырғы бабаларымыз да ел болуды, өзгелермен терезесі тең болуды көкседі. Ұрпағына ұлан-байтақ қоныс, ұлағатты өсиет-өнеге қалдырды. Ата-бабаларымыздан қыран ұшса – қанаты талатын, құлан жортса, тұяғы тозатын қиялда ғана болатын қиян өлке қалды. Яғни көктегі құс пен жердегі аңға дейін – қазақтың ұлттық байлығы. Ашы болса да ашығын айтайық, өкінішке қарай, дарқан даланың ұлы мұрасы түгел тоналып болды... Тонал-

маса, осыдан бірнеше жыл бұрын мына «Алтын емел» асуынан асқанда үйірімен жүретін құланым қайда? Неге көрінбейді? Бұл өлкеде аңнан бұрын адамының да құны қалмағанын тұз тағылары қайдан білсін... Құланмен бірге құндылықтардың құрып бара жатқанына екі бірдей қорықшының бейбіт күнде оққа байланғаны дәлел емес пе?! Аң тұрмақ адамының да құны қалмаған қазір.

Қазақы қасиетке иіген аталарымыз жер бауырлап ұшқан қарлығашқа қарап-ақ ауа райын болжап, мал-жананы сақтаған еді. Табиғатпен біте қайнасканы соншалық, іргесінде күшіктеген қасқыр екеш қасқыр да қонсы отырған қойшының қойына ешқашан тиіспеген. Ғарышқа жол салып көкке самғамай-ақ аспан әлемін зерттеп, жымыңдаған сансыз жұлдызға әдемі ат қоя білген. «Жеті қарақшы», «Үркер», Темірқазық, «Ақбоз ат пен Көкбоз ат», «Шолпан», «Өмірзая»... Кете береді. Бір ғажап «тіл арқылы» табиғатпен тілдескен қазақтың сол қасиеті сайын даланың еркесі – құланмен бірге құрымға кеткені ме!?

Көзіміз көрген соң аң мен құстың жоғалғанын сөз етеміз-ау! Ал жерасты байлығымыз – мұнайымыз бен уранымыз, алтынымыз бен күмісіміз қайда?



Ол-ол ма, ата-бабам ұрпағына мұраға қалдырған қасиетті Жердің өзін «саудаға салғымыз» келгені ше? Кешіріле ме мұнымыз? Сатқанды былай қойып жалпыға ортақ құндылықты қалталылардың жекеменшік етіп, басыбайлы иеленуге қакы бар ма еді? Ел мен Жердің иесі кім? Біз – қазақ неге жерасты байлығының игілігін қалталылармен бірге көрмедік? Байтақ жердің иесі – қазақ, ендеше, киесі ұрып, бар қазақты зауалы соғып кетпей ме... Құдай сақтасын! Ай, жұлдызбен сырласа білген ұлттың ұрпағы бүгінде телефонға телміріп, желіге байланған. Жай телміріп отырған жоқ, титімдей қалта телефоны арқылы ғаламтордағы қатыгездік пен жауыздық атаулыны бойларына сіңіріп жатыр. Ұсақ әңгіме мен арзан сөзге жақын болмайықшы осы біз... Есептен де, өсектен де биік болайық.

Орынсыз сұрақ қойып, артынан ойға батқан інішекке құба белде жорта алмай қалған құландай іштегі мұнымды осылай жеткіздім.



ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесіңіз мол табысқа қол жеткізіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы аласыздар:

8 (727) 232-36-51;
8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде Телефон: 261-59-11. «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)

1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 6 айға – 3603 теңге // 7 айға – 4203,50 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)

1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 6 айға – 9723 теңге // 7 айға – 11343,50 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)

1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 6 айға – 2643 теңге // 7 айға – 3083,50 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

КӘСІПТІК БІЛІМ



Сырттай оқудың тиімділігі сарқылды



Досбол
АТАЖАН

Білім және ғылым министрлігі еліміздегі колледждерде сырттай оқуға арналған біліктілік тізімін айтарлықтай қысқартты. Енді студенттер 53 біліктілік бойынша білім алады.

Салыстырмалы түрде айтар болсақ, екі жылдан астам уақыт бұрын 595 біліктілік бойынша сырттай білім алуға болатын. Бірақ оқытудың бұл түрі студенттерге сапалы дағдыларды бермейтіндіктен, министрлік оларды қысқарту бойынша кезең-кезеңімен жұмыс жүргізді. Бұл жолы сырттай оқу «Құқық», «Білім беру», «Сервис, экономика және басқару» және басқа да кадрларды даярлау бейіндері бойынша алынып тасталды.

«Бүгінгі таңда техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы кадрларды даярлауға қойылатын талаптарды еңбек нарығы мен жұмыс берушілер белгілейді. Ол үшін біз сырттай оқу түрінен бас тартып жатырмыз. Сондай-ақ, мұндай шешімді қабылдауға түлектердің оқуды бітіргеннен кейін алатын білім мен дағдыларының жеткіліксіз сапасы себеп болды. Колледждер студенттерге жұмыс орнында білім алуға мүмкіндік беретін ірі кәсіпорындармен және бизнеспен тығыз байланыста жұмыс істейді. Яғни бұл оқытудың дуалды формасы. Бұл бүгінгі өзінде білім сапасына оң әсерін тигізіп келеді. Сырттай оқыту тізімінен талапқа сәйкес келмейтін салалар, оның ішінде дайындық сәйкестігін ескере отырып, біреуіне біріктірілгендер алынып тасталды. Жалпы, біз тиімсіз оқу тәсілдерін қысқарту жұмыстарын әрі қарай жалғастырамыз», – деп атап өтті ҚР БҒМ Техникалық және кәсіптік білім департаментінің директоры Насымжан Оспанова.

ЖАЗҒЫ МЕКТЕП

Баға мен үй тапсырмасы болмайды

Қазақстанда 1–8 және 10–сынып оқушылары үшін жазғы мектептер ұйымдастырылады.



Бұл туралы ҚР Білім және ғылым министрлігі хабарлады және жазғы мектептердің жұмысы қалай ұйымдастырылатыны жайында түсініктеме берді. Мектепке дейінгі және орта білім беру комитетінің төрайымы Гүлмира Раинбекқызы биылғы оқу жылы 25 мамырда аяқталатынын айтты. 26 мамырдан бастап 9, 11-сынып оқушылары емтихандарын тапсырады. Ал қалған сынып оқушылары үшін 17 маусымға дейін жалғасатын жазғы мектеп ұйымдастырылады.

«Жазғы мектеп – біліміңізді жетілдіріп, оқылықтарды толтыруға тамаша мүмкіндік. Пандемия оқу үдерісіне жақсы әсер етпегенін және мектеп оқушыларының кей тақырыптарды толық меңгермегенін жақсы білеміз. Басқа елдерде бұл мәселені шешу үшін оқу жылын ұзартады. Ал біз оқу жылын ұзартпай, жазғы мектеп ұйымдастырдық. Біз барлық оқушыларға жазғы мектептен қалмауға кеңес береміз», – деді Гүлмира Кәрімова.

Жазғы мектептерде сабақтар әдеттегі форматта өтпейді. Икемді оқу кестесі ұйымдастырылады, сабақтар мұражайларға және экскурсияларға бару түрінде де өтеді.

«Бұл ретте жазғы мектепте оқушыларға баға қойылмайтынын, сонымен қатар үй тапсырмасы берілмейтінін атап кеткен жөн. Жазғы уақыттағы оқу мүмкіндігінше қызықты әрі мазмұнды өту үшін барлық жағдай жасалады. Кейбір балалардың репетиторлармен ақылы курстарға барып, қосымша білім алатынын білеміз. Осы орайда, жазғы мектеп біліміңізді шыңдап, оқылықтың орнын толтыруға да тамаша мүмкіндік. Оның үстіне, мұғалімдер өз оқушыларының күшті және әлсіз жақтарын жақсы біледі», – дейді Мектепке дейінгі және орта білім беру комитетінің төрайымы.

Жазғы мектеп бүкіл ел бойынша ұйымдастырылады. Бірақ түрлі жағдайларға байланысты жазғы мектепке қатысты соңғы шешімді ата-аналар мен мектеп оқушылары өздері қабылдайды.

P.S.: Жас оқырмандарға жазғы мектептерден қалмай, білімдерін жан-жақты жетілдіруге кеңес береміз.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің ұжымы әріптесіміз, ғалым-ұстаз, «Ветсансараптау және гигиена» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, ветеринария ғылымының кандидаты Бақыт Бейсенбайұлы Бараховқа ұлы

Санжар БАҚЫТҰЛЫНЫҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, отбасы мен туған-туыстарына ізгі пейілден көңіл айтады.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефон-
дары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Akshamy» ЖШС.
almatyqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Апталық таралымы – 15 663

**Кезекші редактор –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**


Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80ВР00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.



ТҰЛҒАТАНУ

ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ТОЙЫ



Жұрт ұқпаса, ұқпасын
жабықпаймын,
Ел – бүгіншіл, менікі –
ертең үшін.

Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ.

ҰЛТ МҮДДЕСІ –
МӘНГІ ҚҰНДЫЛЫҚ

«Алаш» сөзі – халқымыз үшін қашан да қасиетті ұғым. Өткен ғасырдың басында ұлтымыздың бас көтерер азаматтары Алаш идеясының төңірегіне бірікті. Олар елінің азаттығы мен өркендеуі жолында қызмет етті. Халықтың рухын оятып, санасына сілкініс әкелді. Жеріміздің тұтастығының сақталуына ықпал етті. Төл әдебиетіміз бен мәдениетімізді бұрын-соңды болмаған деңгейге көтерді. Өркениетті

Алаш арыстары заманның сын-қатеріне қарамай, Қазақ елінің мемлекетшілдік идеясын жаңғыртты. Өкінішке қарай, түгелге жуығы халық жауы атанып, қуғын-сүргін құрбаны болды. Еңбектері жойылды, ұзақ жылдар бойы олардың атын атауға тыйым салынды. Бірақ ұлтымыз ұлы перзенттерінің есімін санасынан өшірмей, жадында сақтай білді.

зиялылықтың негізін қалады. Алаш арыстары заманның сын-қатеріне қарамай, Қазақ елінің мемлекетшілдік идеясын жаңғыртты. Өкінішке қарай, түгелге жуығы халық жауы атанып, қуғын-сүргін құрбаны болды. Еңбектері жойылды, ұзақ жылдар бойы олардың атын атауға тыйым салынды. Бірақ ұлтымыз ұлы перзенттерінің есімін санасынан өшірмей, жадында сақтай білді.

Алаштану ғылымы арыстарымыздың еңбектерін барынша қамтуы керек. Жыл өткен сайын Алаштың абыройы асқақтап, беделі биіктей береді. Олардың атқарған ісі ешқашан маңызын жоғалтпайды. Себебі, ұлт мүддесі, ел қамы деген ұғымдар – мәңгі құндылықтар».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті.

ДӘРІС

Алаш – ұлттық идеяның бастауы



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

М.Әуезов атындағы
Әдебиет және өнер
институты Р.Бердібаев
атындағы Халық уни-
верситеті кезекті дәрісін
өткізді.

Бұл жолы т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі Қойгелді Мәмбет Құлжабайұлы қонақ болды.

«М.Әуезов мұражай-үйінің» мәжіліс залында өткен кездесуде тарихшы «Алаш және большевизм: ғасырға созылған қарсыласу» деген тақырып төңірегінде тың мағлұматтарымен бөлісті. Кездесу барысында академик оқырмандардың сұрақтарына тұшымды жауаптар беріп, тарих қойнауындағы күрмеуі қиын мәселелердің түйінін тарқатты. Дәрісті М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, ф.ғ.д. Кенжехан Матыжанов жүргізіп отырды.

Алаштанушы ғалым Мәмбет Қойгелді ұлттық құндылығымыздың нәрі, өзегі Алаш идеясы екендігіне тоқталды.

Осы уақытқа дейін анықталмаған бір мәселе бар. «Алаш қозға-

лысы» десе, алаш партиясының, Алаш зиялыларының қызметімен шатастырады. Бұл – дұрыс емес. Шындық басқа. Бұл – қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. Мағынасы солай. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы – әлемдік ұлт-азаттық көтерілістер арнасында өмірге келген шындық. Әлемдік деңгейдегі тарихи процесс. Мысалы, Түркиядағы «Жас түріктер», Индиядағы М.Ганди басқарған Үнді ұлт-азаттық қозғалысы, Қытайдағы Сунь-Ятсеннің қытай мемлекетшілігі үшін жүргізген күресі, сол сияқты Латын Америкасы, тағы басқа елдерде болған көтерілістер арнасында қарауымыз керек. Біздегі қателік мынада: советтік идеология бұл мәселені Ресей тарихымен байланыста қарауға мәжбүрледі. Бұл – дұрыс емес. Біз Алаш қозғалысын әлемдік ұлт-азаттық контекстінде қарауымыз керек. Отаршылдыққа қарсы. Табиғаты осы. Мысалы, Ә.Бөкейханов – М.Ганди, Ататүрік, Сунь-Ятсен сияқты қайраткер. Одан бірде-бір кем емес. Сол арнадағы, бағыттағы, саяси көзқарастағы қайраткер. Ал оны бізге империялық идеология түрлі әдістер арқылы кемітіп, өзгертіп көрсетті. «Жеңілгендердің соры мол» дегеніміз осы, – деді академик М.Қойгелді.



Балалар
Жылы
2022

МҮМКІН ЕМЕС
МҮМКІНДІК

2022 жылы сәуірдің 29–30 күндері Алматы қаласында ерекше балалар шығармашылық көрмесі өткізіледі. Алматы қаласы әлеуметтік әл-ауқат басқармасының қолдауымен, «Almaty International Rotary Club» ҚБ ұйымдас-тырған көрмеге «Аяла» әлеуметтік қызмет орталығы» КММ-нің ерекше балалары қатысады.

Алматы қаласының «Аяла» әлеуметтік қызмет орталығы» КММ 1 жастан 18 жасқа дейін 200-ден астам мүмкіндігі шектеулі балаларға және 18 жас асқан психоневрологиялық аурулары бар мүгедектігі бар жан-дарға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетеді. Орталық-тың қызмет алушылары физиотерапиялық қолдаумен қатар, оқу сабақтарына қатысады, сурет салады, мүсін-дейді, шығармашылықпен айналысады, бір-бірімен қарым-қатынас жасайды.

Көрменің мақсаты – мүмкіндігі шектеулі балалар-дың тамаша шығармашылық жұмыстарын көрмеде ұсыну, қалыпты жағдайдағы балалармен және ерекше қажеттіліктері бар балалар бірлескен интерактивті іс-әрекет орындап, қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беру. Өйткені, белсенді өмір инклюзивті қоғамның барлық мүшелеріне бірдей қажет.

Біз қоғамды ерекше қажеттіліктері бар балаларға қарай бұрғымыз келеді, дұрыс қабылдау және қарым-қатынас жасауды үйренгіміз келеді, психологиялық шекараларды жойғымыз келеді. Қаңтар оқиғасынан кейін адамдарға өмірдің басқа жағын көрсеткіміз келеді, ашық және мейірімді болуға үйретіп, ерекше қажеттіліктері бар балалардың әлемді әдемі көзқарасы



мен қабылдауына қол жеткізуге мүмкіндік беруге ын-тамыз бар.

Келушілер шығармашылық көрме алаңында «Аяла» әлеуметтік қызмет орталығының балаларымен бірге қатыса алады, онда бояуға арналған гипстен жа-салған мүсіншелер, сондай-ақ модельдеу мен сурет салуға арналған әртүрлі материалдар ұсынылады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

Сәуір айының соңғы күндері суық жел соғып, ол 2-3 күнге созылады. Осы кезде тобылғы ағашы бүршік жарып, өсімдіктер тамыр жаяды. Жерге көк шығады. Бұрынғы көнекөз қария-лар табиғаттың бұл құбылысын «Тобылғы жарған» деп атаған...



Сәрсенбек
БЕКМҰРАТУЛЫ

«Сәуір айы – жауын айы» деп бекер айтпаса керек, айдың жауын-шашыны мол болып тұр. Өткен пайымымызда: «...Сәуір айының 25-інен «Сәуір» деген амал басталады. Найзағай ойнап, жаңбыр жауып, қатты жел тұрады...» деген болатынбыз. Сондай-ақ, бұл амалдың жақсылығына бақса, алты күнге, жақсылығына бақпаса, алпыс күнге созылатын қауіпті екенін, «Қырық сәуірік, бір мырза» деп аталған қайғылы аңыз осы амалдың ішінде екенін ескерткенбіз. Болжамымыз айна-қатесіз келді. Үздіксіз жауын-шашын болып, Алатау бөктерлерінде жаңбырдың соңы қарға ұласты.

Алматыда 25 сәуірде нөсер жауынның салдарынан 50-ден астам учаске су астында қалды, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі. BaigeNews.kz. Жергілікті жерлерде коммуналдық қызметтер мен мердігерлік ұйымдар жедел жұмыс істеуге мәжбүр болды. Осы орайда, қала кәсіпорындары мен мекеме жетекшілерінің қаланың бас басылымы – «Almaty aqshamy» газетін оқып отырғаны абзал дер едік.

Жоғарыда айтқанымыздай, сәуір айының соңғы күндері суық жел соғып, ол 2-3 күнге созылады. Бұл «тобылғының бүршік жаруы». Кеңшілік ақын (Мырзабеков) өзінің «Тобылғы сайға барғанда» деген өлеңінде:

«Дүр етіп лезде, бұр жарған
кезде дүзген, тал,
Тобылғы сайға торыңды
сайлап қызбен бар.

«ТОБЫЛҒЫ ЖАРҒАН»

амалы келді. 2-3 күнге созылған суық жел соғады. Осы кезде дүз ағашы – тобылғы бүршік жарып, өсімдіктер тамыр жаяды. Ары қарай шуақты көктемнің шырайы кіре бастайды



Қолаң шағыр мен қоламта
күлгін көкпектің
Арасында аришын тұяқтар
тиген іздер бар.
Тұяқтар теуіп тастаған
таспа топырақ
Қияқтар көміп, қаңқасы кеуіп
жатып ап,
Шаңқай түсте шекесі
шып-шып қызғанда
Қалқалайды кеп қызғаниақ
түйежапырақ...», –

деп жырлапты. «Тобылғы жарған» амалының бар болмысы осы 8 шумаққа сыйып тұр.

Аспан денелерінде үздіксіз қозғалыс орын алуда. Бұл осы ай біткенше жауын-шашынның бола беретінін аңғартса керек. Өткенде туған жаңа айды көргеніміз бар. Басы ғана қылтып, шалқалап жа-

тыр екен. Сәуірдің құбылмалы, шаруаға қолайсыз болатынын ол да аңғартып жатқандай.

Қазір Алматыда жеміс ағаштарының бәрі гүлдеп, түйнек сала бастады.

«Бозқараған көрдің бе,
бозқараған,
Бозқараған бұтағын қозғама,
адам!

Бозқараған ішінен бозбалалар
Бойжеткенге бозарып көз
қадаған...», –

деп қайран Мұқағали жырлаған бозқараған гүлдеп, Алматының сәнін кіргізіп тұр. Күн райы бұзыла қалған жағдайда олардың қауіпсіздігін ойластыру керек. Кейбір бағбандар бәрі ішінде түтіндік салған. Түтіннің жылуымен жеміс ағаштарын сақтап қалған.

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

КӨКТЕМДЕ:

- * Күн ерте күркіресе, жауын-шашын мол болады.
- * Ай қораланса, бұршақ пен жаңбыр орын алады.
- * Қоқиқаз былтырғы ұясына жұмыртқаласа, құрғақшылық, ескі ұясын жөндеп, биіктетсе, жаңбырлы болады.
- * Көктемнің алғашқы жаңбырында күн күркіресе, шөп көп болады.